

САЯСАТ

**СЫНДАРЛЫ СӘТТЕ ҚАТЕЛЕСПЕЙІК**

2-3-БЕТТЕРДЕ



ДЕНСАУЛЫҚ

**ДЕРТКЕ ҚАРСЫ ДӘРМЕН**

7-БЕТТЕ



ТӨРТІНШІ БИЛІК

**БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ҰЛТ МҮДДЕСІ**

8-9-БЕТТЕРДЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ/ 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ASTANA AQSHAMY

№75 (4044) Сенбі 27 маусым 2020 жыл



# ЕЛОРДАДА КАРАНТИН ТАҒЫ ДА КҮШЕЙТІЛЕДІ

Бүгін-ертең, яғни 27-28 маусымда Нұр-Сұлтан қаласында карантин режимі тағы да күшейтіледі. Бұл күндері тек қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін кәсіпорындар мен үй маңындағы азық-түлік дүкендері ғана сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс істейтін болады.

Сонымен қатар профилактикалық шаралар аясында қоғамдық көліктер де жүрмей, дезинфекцияланады. Саябақ, жағалау-жағажай және басқа да халық шоғырланатын қоғамдық орындар да жабылады.

Дәріханалардың, көше форматындағы (жаздық) қоғамдық тамақтану орындарының жұмысына рұқсат етіледі. Аталған нысандарға санитарлық нормаларды сақтауға қатаң талап қойылады. Ал ірі сауда орталықтары, сауда үйлері, азық-түлік және өзге де тауарлар сататын базарлар, дүкендер жұмыс істемейді.

Қазіргі уақытта қалада аурудың негізгі екі ошағы отбасылық және ұжымдық болып отыр. Сондықтан қала басшылығы «үйдегі демалыс күні» тәртібін енгізуге шешім қабылдады.

## ҚҰРМЕТТІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Журналистермен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары саласында еңбегі ерен корректорлар, беттаттаушылар, дизайнерлер және көптеген теледидар мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтаймын!

Әрбіреуіңіздің қаланың қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірін көрсетуге қосқан үлестеріңізді жоғары бағалаймыз. Қала тіршілігіндегі жаңалықтарды тұрғындарға жеткізуге қосқан үлестеріңіз ерен. Айқын азаматтық көзқарас, ұдайы ізденіс, міне, осындай қасиеттер сізді өзге мамандық иелерінен даралап тұрады. Төтенше жағдай және карантин режимі кезінде коронавирус инфекциясының қаупін жұртшылыққа түсіндіруде сіздер ерекше кәсібилік таныта білдіңіздер. Сенімділік, өзектілік, тиімділік, сараптау және бағалау - бұл ең жақсы қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының критерийлері. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында елорда тұрғындары маңызды оқиғалар туралы әрдайым хабардар болды. Сіздерге еселі еңбектеріңіз үшін алғыс білдіре отырып, баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық табыс пен шалқар шабыт тілеймін!

Алтай КӨЛГІНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласының әкімі



## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# СЫНДАРЛЫ СӘТТЕ ҚАТЕЛЕСУГЕ ҚҰҚЫМЫЗ ЖОҚ

**Мемлекет басшысы республикалық «Ана тілі» газетіне арнайы сұхбат беріп, ел өміріндегі өзекті мәселелер жөнінде ой толғаған екен. Біз бүгін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы сұхбат үстінде айтылған пікірлерін екшеп беріп отырмыз.**

**– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгінде бүкіл әлемді алаңдатып отырған індет, өкінішке қарай, біздің елімізге де оңай тиген жоқ. Пандемия алғаш басталғаннан-ақ, Өзіңіздің басшылығыңызбен мемлекет көптеген әлеуметтік-экономикалық іс-шараларды қолға алды. Одан жалпы жұрт хабардар. Елімізде жарияланған төтенше жағдай екі айға жуық мерзімге созылды. Карантин шаралары әлі де жалғасып келеді.**

**Жалпы соңғы кезде карантин шараларына қарамастан елімізде індет тез таралуда. Қазірдің өзінде дерт жұқтырғандар саны 20 мыңға жуықтады. Жүзден аса адам осы науқастан қайтыс болды. Жұрт кәдімгідей үрей құшағында қалды. Бұл індет түрлі деңгейдегі билік өкілдерін де айналып өткен жоқ. Ел арасында «Үкімет індеттің таралуын бақылаудан шығарып алды, сондықтан ауруханаларда орын жетіспейді» деген секілді әңгімелер де аз емес. Дүрліккен жұртқа қандай басу айтасыз? Расында да, осы індеттің таралуына қарсы күресте жеңіліп жатқан жоқпыз ба?**

– Шынында да, бұл індет біздің ғана емес, жалпы әлемдегі адамзаттың бет-бейнесін, тұрмыс-тіршілігін өзгертті. Ауыр derттің алдында дамыған мемлекеттердің өздері дәрменсіз болып отыр. Оған бәріміз куәміз. Озық деп жүрген Еуропа елдері, азуын айға білеген АҚШ, Азия алыптары – Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, тағы басқа да елдер тығырыққа тірелгендей.

Ал қазір, «біз осы індетпен күресте жеңіліп жатырмыз немесе Үкімет ахуалды бақылаудан шығарып алды» деуге болмайды. Өздеріңізге мәлім, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұқпалы ауруларға арналған үш аурухана жедел салынды. Басқа өңірлердегі ауруханалар керек-жарақпен жабдықталды. Науқастарды емдеуге дәрігерлеріміздің біліктілігі жетеді. Қазір, ақ халатты абзал жандар күндіз-түні осы індетпен күрестің алдыңғы шебінде жүр. Мемлекет тарапынан қажетті қаражат бөлінді.

Бір нәрсені айта кетейін, биліктегілер де – өздеріңіз секілді ет пен сүйектен жаралған адамдар. Лауазымды қызметкерлер жұмыс бабына байланысты бірқатар азаматтармен кездесуі керек, сондықтан ел ішіндегі іссапарларға шығады. Сондай жағдайда кеселді жұқтырып алуы мүмкін. Иә, олар да ауырады, науқасынан емделеді. Билікте жүргендердің арасынан 15 шақты адам осы дертке шалдықты. Ал қазіргі статистика бойынша, вирус жұқтырғандар саны 20 мыңға жуықтады. Яғни олардың көпшілігі – қарапайым халық. Бұл жердегі мәселе кімнің қалай жұқтырып алғанында емес. Сол азаматтарымыздың ауруын асқындырып алмай, тезірек жазылып шығуына жағдай жасау қажет. Ауруға шалдыққандарды шенеунік немесе қарапайым жұрт деп бөліп карауға болмайды. Қазақ «Кемедегінің жаны бір» дейді. Біз бір елде тұрып, бір ауаны жұтып, бір қоғамда өмір сүріп жатқаннан кейін ешкім де бұл аурудан өзін толықтай қорғай алмайды. Бір планетаны мекен еткен соң өзге елдегі дерт бізге келмейді деп бейқам отыра алмаймыз. Пандемия шекараға қарамайды. Сақтансақ қана өзімізді, жақындарымызды аурудан аулақтата аламыз. Сондықтан ел азаматтарын карантин режимін қатаң сақтап, тазалыққа мұқият болуға шақырамын. Бұл – өтпелі қиындық, уақытша сынақ. Біз осы індеттен және экономикалық дағдарыстан кейін қалай дамимыз, не істеуіміз керек деген мәселеге баса мән бергеніміз жөн.

**– Иә, қоғам орнында тұрмайды, дамуы керек. Орайы келгенде қордаланып қалған, келешекте қалай болады деп халық жауабын күтіп жүрген бірқатар қадау-қадау мәселелер жайлы сөз қозғасақ. Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауыңызда қазақ тілінің қолданыс аукымын кеңейту мәселесіне ерекше тоқталған едіңіз. Өзіңіз білесіз, биыл жарық көргеніне 30 жыл толған «Ана тілі» ұлт басылымы да тұңғыш санынан бастап туған тілдің бары мен жоғын түгендеп келеді. Мемлекеттік тіліміз ұлтаралық қатынас тіліне айналуы үшін қандай қадамдар жасалуы керек деп есептейсіз?**

– Осы отыз жыл ішінде қазақ тілін дамытуға қатысты ештеңе істелген жоқ деуге болмайды. Туған тіліміздің қолдану аясын кеңейту үшін көп жұмыс атқарылды. Оған дау жоқ. Мұны сырт көз сыншылар да айтып жүр. Бірақ олардың кейбірі мұндай үрдіске аса қуана қоймайды. Өйткені енді қазақ тілінің дамуын тежеп, ел ішінде кең өріс алуын тоқтату мүмкін емес екенін сезеді.

Қазақ тілінің жағдайы туралы айтқанда, мемлекетіміздің негізін қалаған, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айырықша еңбегін атап өтуге тиіспіз. Ол елімізде мемлекет құраушы ұлттың саны едәуір аз болғанына қарамастан Қазақстанның Тәуелсіздігін жариялады. Сондай аумалы-төкпелі кезеңнің өзінде Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей ықпал етуімен Парламент қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялады.

Шындығында, тілдік проблеманың үлкен саяси мәні мен маңызы бар. Тіл мәселесіне бей-жай қарап, немқұрайдылық танытатын болсақ, мемлекеттігіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін. Бұған Украинаны мысалға келтірсек те жеткілікті деп ойлаймын. Мемлекеттік тілді дамыту ісінде қызбалыққа салынып, оның қолдану аясын күшпен кеңейтуге ұмтылудың кері әсері болары анық. Өйткені оның соңы ұлтаралық араздыққа дейін жетуі мүмкін. Сонымен қатар бұл тұрғыда геосаяси жағдайды да назардан тыс қалдырмауымыз керек. Әсіресе Ресеймен арадағы шекарамыздың әлемдегі ең ұзын шекара екенін де әсте естен шығармаған жөн. География – геосаясаттың маңызды факторының бірі.

Бірақ бұл мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарды тоқтатып қою керек дегенді білдірмейді. Қайта оны ың-шыңсыз, айғайламай, қызбалыққа салынбай, бірақ табанды түрде жалғастыра беру қажет. Бұл орайда Өзбекстанның тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Олар өздеріне тән жайлы мінезіне салып, ұрандатып-шулатпай-ақ, қажет кезінде орыс тіліне де жүгіне отырып, тіл мәселесін толық шешіп алды. Менің таңғалатыным, Өзбекстанның мемлекеттік органдарында әлі күнге дейін орыс тілі қолданылады. Тіпті олардың тұтас тарихында да осылай болған. Өзбектер қоғамдық қатынастарды саясиландырмай, еңбек пен саудаға басымдық беріп, XX ғасырдың бас кезіндегі аз ғана халықтан қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналды. Сондықтан ұлы Абайдың өзбек халқына қатысты айтқан парасатты ой-пікірі қазіргі технология ғасырында да өзінің өзектілігін жоғалтпағанын байқаймыз. Өзбектер саясатқа құмар емес, олар еңбек еткенді құптайды. Бұл ел көшеде ұрандатып шеруге шығып жүрген жоқ. Қайта жасампаздыққа жетелейтін еңбекпен айналысып жатыр.

Тарихтан сабақ ала отырып, біз технология мен роботтар басты рөл атқаратын жаңа дәуірдегі қазақ халқының игілікті өмірі жайында ойлануымыз керек. Әлем түпкілікті өзгерістердің алдында тұр. Сол себепті есте жоқ ескі заманды аңсамай, лингвистикалық мәдениеттің айналасын шиырлай бермей, тарихымызды да дәріптеп, салт-дәстүрімізді сақтай отырып, алға ұмтылуымыз қажет. Біздің мемлекеттік тілдің жағдайын қайта-қайта көтеріп, оның мүшкіл халі туралы айта бергенімізге өзге елдер, әсіресе Орталық Азиядағы мемлекеттер түсінбей, таңданыспен қарайды. Қазір – нағыз аз сөйлеп, көп іс тындыратын шақ. Олай болмаған жағдайда біз өзімізді халықаралық қоғамдастықтың алдында кемшін ұлт ретінде көрсетеміз. Ал енді не істеу керек?

**Біріншіден,** қазақ тілінде сөйлеу мақтаныш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн. Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Парламентте немесе баспасөз мәслихаттарында мемлекеттік тілде сөйлеп, пікір алмаса алмайтын мемлекеттік қызметкер ұғымы, ең алдымен, қазақ азаматтарының арасында – анахронизмге айналуға тиіс.

**Екіншіден,** біз қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Оларды Парламентке, өкілетті органдарға сайлап, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жоғары лауазымдарға тағайындап, мемлекеттік наградалармен марапаттап отырғанымыз дұрыс. Мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлт-

> **“Пандемия шекараға қарамайды. Сақтансақ қана өзімізді, жақындарымызды аурудан аулақтата аламыз. Сондықтан ел азаматтарын карантин режимін қатаң сақтап, тазалыққа мұқият болуға шақырамын. Бұл – өтпелі қиындық, уақытша сынақ. Біз осы індеттен және экономикалық дағдарыстан кейін қалай дамимыз, не істеуіміз керек деген мәселеге баса мән бергеніміз жөн”**

аралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі.

**Үшіншіден,** қазақ тілін қолдану барысында фонетикалық және орфографиялық қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністікпен қарап, толеранттылық танытуымыз керек. Мұндай азаматтар жастарымыздың арасында да аз емес. Олардың талпынысын мазақ етпей, қайта қолдай түскеніміз жөн.

**Төртіншіден,** телевизиялық және радио хабарларының сапасын арттыру қажет. Бұл ақпарат өнімдері Ресей бағдарламаларының көшірмесіне емес, қайта қоғамдық ойдың қайнар көзіне айналуға тиіс. Арзан ойын-күлкіден гөрі, ұлттық идеяға қызмет ететін топырағымыздан тамыр алған төл бағдарламаларды молайту қажет.

Меніңше, Орталық Азиядағы көршілеріміздің тәжірибесі бізге пайдалы әрі үлгі боларлықтай. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру жолында кинематографияның да алар орны ерекше. Бізге тарихи оқиғаларды дәріптейтін, қазіргі қоғамды да бейнелейтін сапалы дүниелер керек. Қырғыз киногерлері «Құрманжан датқа» деген мәнді, мағыналы, көз қуантып, көңіл толатын фильм түсірді. Соған бар-жоғы 1,5 миллион доллар жұмсаған. Ал біздің кинематографистер бұдан әлдеқайда көп сұрайды. Ал түсірген дүниелерінің сапасы әрдайым көңілден шыға бермейді. Өкінішке қарай, бүгінде біздің киногерлер де ауызбіршілік таныта алмай отыр. Бұл – шығармашылықты тұралататын жағдай.

Әрине, ауызды қу шөппен сүрте беруге болмайды. Мені еліміздегі блогосфераның қазақ тіліне қарай ыңғайланып келе жатқаны қуантады. Дей тұрғанмен, біз әсіреұлтшылдық пен радикализмге бой алдырмауыз қажет. Сондай-ақ қазақ тілін дамытамыз деп орыс тілінің мәртебесін шектемеуіміз керек. Жоғарыда айтқанымдай, тіл мәселесінің астарында үлкен саясат бар. Сондықтан бұл тұрғыда асығыстық пен жалаң ұрандату мемлекеттігімізге кесірін тигізуі мүмкін. Жалпы алғанда, жоғары оқу орындарында нақты ғылымдарды орыс тілінде оқыта берген жөн. Осы ретте бізге Малайзияның тәжірибесі үлгі бола алады. Бұл ел алғашқыда ағылшын тілінен бас тартып, кейіннен ойлана келе, оны жоғары оқу орындарында және дипломатиялық қарым-қатынастың құралы ретінде қалдырды. Біздің өскелең ұрпақ қазақ тілімен қатар, орыс тілін де еркін меңгеруі керек.

Бұл – уақыт талабы. Мектептердің бастауыш сыныптарында қазақ тіліне басымдық берілгені дұрыс. Орыс тілін де оқыту керек. Ал ағылшын тілін 5-6 сыныптардан бастап мектеп бағдарламасына енгізген абзал.

Қазір демографиялық ахуалдың өзі қазақ тілінің ұпайын түгендеу бағытына қарай дамып келеді. Яғни біз алға қойған мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мұндай астары қалың, ел тағдырын шешетін іргелі істе асығыстыққа жол бермеу керек. Қайта әрбір әрекетімізді ақылға салып, мойнымыздағы тарихи жауапкершілікті барынша сезіне отырып жұмыс істегеніміз дұрыс. Осындай өркениетті қадамдардың нәтижесінде ғана қазақ тілі ғылым тіліне айналады.

**– «Еңбекпен тапқан нан тәтті» дейтін ата-бабамыздан келе жатқан тәмсіл бар. Күні кешегі үлкендердің әңгімесінен де еңбекке, еңбек адамына деген ерекше**



**құрметті байқайтынбыз. Қазір елдің еңбекке етене араласуы үшін Сіздің тапсырмаңызбен Үкімет бірқатар бағдарламаларды қолға алып, лайықты деңгейде жүзеге асырып отыр. Ел мен жерді еңбекпен көркейту үшін қандай жаңа қадамдар мен жобалар жасалуы керек?**

– Әлем жұртшылығы қазақ халқын көңілі дарқан, ғаламдық құбылыстарды өзінің қалыптасқан философиялық көзқарасы арқылы қабылдай алатын ұлт ретінде танып, біледі. Шыдамдылық пен жанашырлық – қанымызда бар қасиет. Осынау Ұлы далаға ең алғаш табаны тиген саяхатшылар алдымен біздің осы ерекшеліктерімізді баса айтқан. Сонымен қатар біз Абайдың өшпес туындысы – «Қара сөздерде» айтылған өз кемшіліктерімізді де жақсы білеміз. Айтпақшы, осы арада Мұрат Әуезовтің «Қара сөздерге» «Ғақлият» деген екінші атау берейік деген ұсынысын қолдайтынымды айта кетейін.

Өкінішке қарай, кейбір жағдайда біздің еңбекке байланысты қарым-қатынасымызға сыни көзқараспен қарайтындар аз емес. Бұл жағдай менің көңіліме қаяу салады. Біз қоғамның еңбеккерлерге деген көзқарасын түпкілікті өзгертуіміз керек. Әрбір еңбек құрметке лайық болуы қажет. Сондықтан мен «Халық алғысы» деген мемлекеттік награда тағайындадым. Ал еңбектегі табысы үшін берілетін «Еңбек Даңқы» орденінің мәртебесін көтеру жөнінде шешім қабылдадым.

Былтыр Ақордаға мекемелер мен ауылдардағы қарапайым жұмысшыларды арнайы шақырып, марапаттадық. Біз осындай еңбек адамдарына деген құрметті арттырып, ел сүйсініп қарайтындай жағдай жасауымыз қажет. Сол арқылы өскелең ұрпақ қоғамның құрметіне бөлену үшін жоғары мемлекеттік лауазымдарды иеленбей-ақ, өз ісін тыңғылықты, мұқият атқарса жеткілікті екенін түсінуге тиіс. Үкімет менің тапсырмам бойынша Жұмыспен қамтудың жол картасын әзірледі. Оны іске асыру үшін шамамен 1 триллион теңгеге дейін қаржы жұмсалады. Жақында мен Үкіметтің уақытша жұмыс орындарын ашуға ғана әуес болып, тұрақты жұмыс орындарын көптеп ашуды назардан шығарып алғанын сынға алдым. Бүгінде біздің елде 2 миллионға жуық адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Жұмыссыздар саны да көп.

Бұл – өте күрделі әлеуметтік мәселе. Оны шұғыл шешпесе болмайды. Еңбекке баулу идеологиясы атақты ақын-жазушыларымыздың шығармашылығында барынша көрініс тауып, алдыңғы қатарда насихатталуы керек деп санаймын. Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Тіпті осындай қауіпті пандемия кезінде кейбір азаматтарымыз маған хат жазып, той өткізуге мүмкіндік беру керек деп талап қояды. Мемлекеттің өзі өлермендікпен өмір сүретін кезге келдік. Сондықтан еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!

**– Пандемия болсын, басқа да жағдайлар болсын, ел ең алдымен зиялының сөзіне құлақ асып, ойын білгісі келеді. Жалпы ұлт қиын-қыстау күндерде ғана емес, өзінің бүкіл жүріп өтетін жолында пассионар тұлғалардың соңынан ереді. Бұл орайда зиялы қауым қазір өз рөлін дұрыс атқарып отыр деп есептейсіз бе? Бүгінгі таңда олардың қоғамдағы міндетін қалай елеп, екшейміз?**

– Шын мәнінде, озық ойлы зиялы қауымның пікірі

> **Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!**

әлеуметтік шиеленіс кезінде маңызды рөл атқарады. Адамдар ақыл-парасаты арқылы ішкі түйсігіне құлақ асып, өзіне қажетті қорытынды жасап, өткен істен сабақ алады. Әсіресе бұл ежелден келе жатқан дәстүрі бар біздің қоғам үшін өте өзекті. Пандемия кезінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қосқан елеулі үлесі үшін барша зиялы қауым өкілдеріне, оның ішінде академик Төрегелді Шармановқа шынайы ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ біздің белгілі ақын-жазушыларымыз соңғы кездегі оқиғаларға белсендірек араласып, жастарға өмірлік тәжірибесін үйретіп, темірқазық секілді жол көрсете алады деп ойлаймын.

Қазір бүкіл дүние жүзі пандемия салдарымен күресіп жатыр. Әлемдік экономика көз алдымызда құлдырап, жұрттың өмір сүру салты өзгерді және осы үрдістер күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге айналды. Міне, осындай кезде жас ұрпаққа беделді ақыл-ой иелерінің парасатты пікірі ауадай қажет.

Бәрімізді, әсіресе жастарды «Ары қарай қалай өмір сүреміз?» деген сауал мазалайды. Осындай сәтте біздің көзқарасымыз, болмысымыз, осы біз өмір сүріп жатқан жаңа заманның талабына сай болуы керек. Яғни тарихи тұрғыдан жаңартылған құндылықтарға бет бұруға тиіспіз. Бізге қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп беретін ақыл-ой тұжырымы қажет. Жоғары заманауи технология, роботтар, жасанды интеллект дәуірінде ақыл-кеңес түсінігі ерекше маңызды болмақ.

Жаңа заманда ар, намыс, ұят сияқты адами қасиеттерге қажеттілік бола ма? Менің ойымша, бұл – зиялы қауым өкілдері талқылайтын ауқымды философиялық мәселе. Үлгі-өнеге, ұлттық құндылықтар болмаса, машиналар мен роботтар әлемінде жұтылып кететініміз сөзсіз. Біздің ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармалары да маңызын жоғалтады.

Әрине, мұндай жағдайдың мүлде болмағаны жақсы. Сондықтан зиялы қауым өкілдері болашақ өмір туралы мәселені қазірден ой таразысына сала беруге тиіс.

**– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Ел басқару аса зор жауапкершілік жүктейді. Бір жыл – көп уақыт емес. Десек те, осы кезеңге саяси сараптама жасаған белгілі саясаттанушы Нұрлан Сейдін мырза Сіз басқарған мерзім жөнінде «Сенім мен сынаққа толы жыл болды» деп тұжырымдапты. Осы орайда көш бастаған тұлға ретінде елдің болашаққа деген сенім-жігеріне қандай баға берер едіңіз?**

– Баршаңызға мәлім, Қазақстан Президенті қызметін атқарған бір жыл оңай болған жоқ. Аталған мерзімді аса күрделі сынақтарды еңсерген жыл деп айтуға болады. Дегенмен, мен халықтың қолдауын әрдайым сезіндім. Бұл маған күш-жігер беріп, мемлекет басқару ісін табысты жүргізуіме ықпал етті. Жыл бойы саяси және экономикалық салалар бойынша көптеген реформалар жүзеге асырылды. Бұл саясат алдағы кезеңдерде де жалғаса береді. Елімізді одан әрі жаңғыртуға, дамытуға қатысты идеяларым бар, ол идеяларды халық іс жүзінде сезінгенін қалаймын.

Біз мемлекет ретінде де, ұлт ретінде де бір орында тоқтап қалмауымыз керек. Ондай жағдайда ел тоқырауға ұшырайды. Оның зардабы мемлекеттігімізге тиеді. Ауыр тиеді. Ащы да болса айтайын, біз – қазақтар, осынау алмағайып күрделі әлемде, түптеп келгенде, ешкімге соншалықты қажет емеспіз. Өз мемлекетімізге ғана қажетпіз. Осы бір қарапайым қағиданы ешқашан естен шығармауымыз қажет. Әлемдегі Қазақстанның жетістігін көре алмайтын, «мысықтілеу» саясаткерлер, тіпті мемлекеттер де бізден алыстап кеткен жоқ, маңайымыздан ұзамай, әр қадамымызды бағып отыр. Сондықтан елімізді өркендету, көркейту – тек қана өз қолымызда. Біздің осындай сындарлы сәтте қателесуге еш қақымыз да, құқымыз да жоқ. Және мемлекет құрушы ұлт ретінде бұл мәселені бірінші кезекте өзіміз терең сезінуіміз қажет. Өйткені қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр…

# ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ ӨТЕДІ

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулиннің өкіміне сәйкес, Парламент палаталарының бірлескен отырысы 2020 жылдың 30 маусымында өтеді.**

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы 2-тармақшасына сәйкес, ҚР Парламент палаталарының бірлескен отырысы 2020 жылдың 30 маусымында сағат 10.00-де өтеді» делінген Мәжіліс төрағасы қол қойған құжатта.

# СИМПТОМСЫЗ АУЫРҒАНДАР ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ

**Қазақстанда симптомсыз коронавируспен ауырғандарды есепке алатын топ құрылды. Бұл жөнінде «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы» АҚ басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Махаббат Бекбосынова мәлім етті.**

«Әлемдік статистикаға сәйкес, инфекция жұқтырғандардың шамамен 80 пайызы – симптомсыз пациенттер, яғни, ешқандай симптомды сезінбейтін адамдар құрап отыр. Бүгінде бүкіл еліміз бойынша 465 ұтқыр топ құрылған. Амбулаторлық буынның ұтқыр тобы міндетіне симптомсыз, аурудың жеңіл түрі бар пациенттерді толықтай есепке алу кіреді» деді М.Бекбосынова.

Қазіргі кезеңде медицинада симптомсыз коронавирус инфекциясы өкпе қабынуының жеңіл түрі және өкпенің қабындау жеңіл түрі деп екіге бөлінеді. Өкпе қабынуының жеңіл түрі кезінде өкпенің зақымданған аумағы 30 пайызға дейін жетеді және оны компьютерлік томография көмегімен анықтауға болады. Өкпе қабынуы жүрек-қан тамыры жүйесі, қант диабеті, семіздік сынды созылмалы аурулары бар пациенттерде кездеседі. Осындай дерті бар адамдар бірінші кезекте эндокринологтармен кеңесуі қажет. Бүгінде бұл мамандармен жұмыс тобын құру үшін келіссөз жүргізіп жатыр. Оның құрамына аурудың ауыр түріне шалдыққан пациенттерге кеңес беру үшін эндокринолог, кардиолог, пульмонолог және амбулаторлық буынның өзге де бағыттарының мамандары кіретін болады.

# «ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ» ЖӘРДЕМДЕСЕДІ

**«Нұр-Сұлтан» медициналық колледжінің тағы 70 түлегі жедел жәрдем дәрігерлерінің қатарына қосылады.**




Өйткені соңғы айда елордада «Жедел жәрдем» қызметіне қоңырау шалу саны үш есеге артқан. Ал қаладағы жедел жәрдем бригадаларының саны 150-ге дейін көбейтілді. Келесі аптадан бастап қаладағы медициналық колледждердің 70 түлегі жедел жәрдем қызметінде жұмыс жасайтын болады.

«Бұрын біздің құрамда 118 команда жұмыс істейтін. Қоңыраулар мен өтініштер санының артуына байланысты біз командалардың санын 150-ге жеткіздік» деді қалалық медициналық сайттың директоры Мұрат Оразбаев.

Оразбаевтың айтуынша, соңғы аптада Нұр-Сұлтанда жедел жәрдем қызметіне жүктеме едәуір артып, соғылған қоңыраулар саны 4,5 мыңға дейін жеткен. Ал коронавирусқа дейін ол 1-1,5 мың болған. Қазір қалалық жедел жәрдем станциясы тәулік бойы жұмыс істейді. Жұмыс бригадаларына үлкен жүктеме түсуде. Нөмірді теруді жақсарту үшін 103 диспетчерден бес қашықтықты және жеті байланыс орталығының пульті іске қосылды. Сондай-ақ жедел жәрдемді @ ns103bot телеграммасы арқылы шақыруға болады. Елордада ахуал орталығы жұмыс істейді, мамандар CVI бар науқастарды ауруханаларға бір мекемеде толып кетпес үшін таратады. Айта кетейік, жедел жәрдем станциясына аптасына 28 мың адам келген.

# ҚАУІП ҚАЙДАН БОЛСА, ҚАТЕР СОДАН

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елорда тұрғындарына үндеуін жариялады.**

**Қадірменді қала тұрғындары!**

Қауіпсіздігіміз үшін таңдау жасайтын сәт келді.

Медицина қызметкерлері соңғы төрт ай бойы коронавирус инфекциясымен күресте алдыңғы шепте келеді. Барлық мүмкіндіктерін пайдаланып қызмет етіп жатқан дәрігерлеріміздің тіпті отбасымен қауышу мүмкіндігі болмай жүр. Күн-түн демей еңбек етіп жатқан олар – сөзсіз батыр, бірақ түсінейік, олар да адам. Жаны да, тәні де шаршайды.

Бастапқыда дәрігерлердің осы күресте қалуына да, кетуіне де мүмкіндік болды. Бірақ олар қалуды ұйғарды. Сондықтан, біздің оларға осындай қиын сәтте көмегіміз бен құрметіміз – үйден шықпай, тәртіпке бағынуымыз болуы керек.

Дәрігерлерге көмектесу үшін баршаңызды бір ғана дұрыс таңдау жасауға шақырамыз. Себебі медицина қызметкерлеріне дәл қазір біздің көмегіміз ауадай қажет. Түсініңіздер, дәл қазіргі сәтте олардың арқасына артылған ауыр жүкті ештеңемен салыстыруға келмейді.

Бүгінде бірнеше бас дәрігер, жансақтау бөлімінің меңгерушісі және алғашқы күннен бері күресте жүрген тағы басқа медицина қызметкерлерінің өздері ауырып қалды. Олар осы осы уақыт аралығында бір ғана адамның өмірін сақтап қалған жоқ. Жазылып шыққан мыңдаған адамның отбасыларына да шаттық сыйлаған еді. (Инфекция жұқтырған азаматтардың 73%-і, яғни, 2642 пациент емделіп шықты).

Пандемия басталған тұста бізде 1 ғана стационар болса, қазір олардың саны 12-ге жетті. Лаборатория да біреу ғана еді, қазір 8-і жұмыс істеп тұр. Бас кезінде 300 адамға дейін сынама тапсыра алса, қазір күніне 5,5 мың адамға ПЦР тест жасалады.

Қазіргі жағдайға қарасақ, бұның өзі жеткіліксіз. Инфекция жұқтырғандардың саны көбейе беретін болса, біз амалсыздан ірі спорт нысандарын стационар етіп әзірлейміз. Науқастарға орын табылар, бірақ, оларды кім емдейді? Мемлекет жүздеген, мыңдаған төсек орынмен де, медицина құрылғыларымен де қамтамасыз ете алады. Бірақ оның бәріне оқыған маман, дәрігерлерді қайдан табамыз?

Иә, біз қалаға дезинфекция жасауға, бақылау бекеттеріне жұмыс істеуге еріктілер мен әскерилерді тарттық. Бірақ адам жанын сақтап қалу үшін еріктілердің ерік-жігері жеткіліксіз. Оған арнайы медицина білімін алған маман қажет. Аяқ асты немесе асығып дәрігер дайындап шығу тағы мүмкін емес. Дәрігерлерге қолғабыс, өздеріне тәжірибе болсын деп медициналық университеттер мен колледждерден студенттерді тартып жатырмыз. Бірақ, адам өміріне араша түсе алатындай толыққанды маман болу үшін жылдар бойғы оқу мен тәжірибелі еңбек қажет екенін сіз де, біз де жақсы түсініп отырмыз.

Қалада 3,5 мың дәрігер мен 8 мың медицина қызметкері бар. Ал халық саны – 1 млн 200 мың.

Жедел жәрдем станциясының жұмысынан мысал ретінде айтар болсақ, шақыртулар 1 мыңнан 4 мыңға дейін көбейген. Осы аптада 4 300 қоңырау түсті. Жедел жәрдем станциясының базасында құрылған колл-орталық сол ауыртпалықтың бір бөлігін көтеріп келеді. Сонымен қатар телеграм-бот ашып, тұрғындардың жедел көмек шақыруына жағдай жасалды. Жедел-жәрдем бригадаларының санын 150-ге дейін көбейттік.

Қазір қаладағы барлық аурухана мен емхана коронавируспен күреске жұмылдырылған. Бірінші қалалық аурухананы толықтай стационарға айналдырдық. Нәтижесінде қосымша 600 орын ашылды. Соңғы 10 күннің ішінде ғана науқастарға арналған орын 1 300-ден 3 100-ге-ге, яғни үш есеге көбейді.

Әрбір бекітілген емхана бойынша компьютер томографиясын түсіру жөнінде бірнеше республикалық клиникамен келісім жасадық. Компьютер томографиясын жасау пневмонияны бастапқы кезеңінде анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қосымша КТ және ИВЛ аппараттарын сатып алып жатырмыз.

Телемедицина тәжірибесін пайдаланып жатырмыз. Симптомсыз тасымалдаушыларды емдеу үшін медицина қызметкерлері осы арқылы науқастың жағдайын бақылауда ұстап отыр. Симптом болған жағдайда ауруханаға жатқызылады.

Арнайы оқытылған қызметкерлерден тұратын ситуациялық орталық жұмысын бастады. Олар белгілі бір мекемеде науқастардың топталуына жол бермей, коронавирус инфекциясын жұқтырған науқастарды бөліп отырады. Бұл барлық стационардың жұмысын үйлестіруге септігін тигізіп жатыр. Тиісті ақпараттар мен консультациялар алуға қолайлы COVID-19 сайты жасалды. Дүйсенбі күні іске қосылады.

Енді бекітілген ережелерге жауапсыздықпен қарап осы үйлесімді жұмыстың бәрін жоққа шығаруға болмайды. Қауіпсіздік шараларын сақтамағандықтан, медицина қызметкерлеріне өте ауыр салмақ түсіріп жатырмыз.

«Қауіп қайдан болса, қатер содан» дейді. Қазіргі уақытта қауіптің де, қатердің де қайдан екенін жақсы білесіздер.

Сақтықта қорлық жоқ. Өзіміз бен жақындарымыздың өміріне және өзгелердің адал еңбегіне құрмет танытып, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтайық!

# ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

**«Астана – адалдық алаңы» Алматы ауданындағы үйлерді жөндеу сапасын тексерді. Мониторинг барысында тұрғындардың талап-тілектері тыңдалды, ақаулар анықталып, мердігер компанияға оларды жою туралы тапсырмалар берілді.**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астана – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаменті мен Алматы ауданы әкімдігімен бірлесіп, Сәтбаев көшесі, 8 және Қажымұқан көшесі, 14/1 мекенжайы бойынша Алматы ауданындағы «Нұрлы жер – 2025» тұрғын-үй коммуналдық дамуының бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында көп пәтерлі тұрғын үйлерге текеріс жүргізді.

Елорда әкімдігі «Нұрлы жер – 2025» бағдарламасын жүзеге асыруға ықпал етеді. Бүгінгі таңда анықталған мердігер мекемелер бойынша 20 мамырда басталған құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр.



Биыл аталмыш бағдарлама аясында 50-ден аса көп пәтерлі тұрғын үй жөндеу жоспарланған. «Жоспарланған жөндеу жұмыстары кезінде қаланың әр ауданында көппәтерлі тұрғын үйлердің мониторингі жасалады» деді қала әкімдігінің «Астана – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің үйлестірушісі Сәуле Бисембаева.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

## АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### НҰР-СҰЛТАН

Астанада ахуал орталығы ашылды. Алдымен жедел медициналық көмек базасында байланыс орталығы құрылды. Онда дереу талдау жасалып, кеңес беріледі. Бұл – күніне шамамен 500 өтінім. Сондай-ақ қалалық аумақтық емханаларда жауапты тұлғалармен байланыс орталығы құрылды. iKOMEK ақпарат орталығында медициналық ұйымдардың әр басшысына арналған мобильді қосымшада бар.

### АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Биылғы бес айда Ақмола облысында 239,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 2085 отбасы баспаналы болды. Аймақта «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша халықтың әлеуметтік әлжуаз топтары мен көпбалалы отбасыларды пәтермен қамту көзделген. Биыл сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй құрылысына республикалық бюджеттен 2 889,3 миллион теңге сомасында нысаналы трансферт бөлінді.

### АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырауда 50 пациентке арналған провизорлық стационар ашылады. Қазір аймақта КВИ ахуалы өте күрделі болып отыр. Сол себепті бірінші кезекте облыстық аурухана жанынан 50 орындық провизорлық стационар ашылады. Онда КВИ-ге алынған тест нәтижесі теріс көрсеткендер бақыланады. Сондай-ақ КВИ-ге сынама алу үшін қосымша зертхана жұмысы жасақталған.

### БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Батыс Қазақстан облысында ауыл тұрғындарына құс шаруашылығын дамытуға қолдау көрсетілуде. Өңірде «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының «Еңбек балапан» жобасы аясында қайтарымсыз грантқа қол жеткізген ауыл адамдары өз ісін дамыта алады.

### ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Түркістан облысында тігін фабрикасы ашылып, 1200 адам жұмыспен қамтылатын болды. Тігін цехына табысы төмен және мүмкіндігі шектеулі әйелдер мен қыз-келіншектерді жұмысқа қабылдауды жоспарлап отыр. Тігін фабрикасында костюм, сырт киім мен спорт киімдері тігілетін болады. Алғашқы инвестицияны Өзбекстан мемлекеті салып, мамандары өз тәжірибесімен бөлісетіндігін жеткізді.

# ҰБТ: ТЕСТІЛЕУ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ҰБТ алдында ата-аналарға сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік туралы ескертеді. Тестілеудің сәтті өтуінің арқасында түлектердің жоғары оқу орындарында әрі қарай ақылы немесе мемлекеттік гранттың негізінде тегін білім алуы анықталады.**



Тестілеудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен еліміздің барлық аймақтарында жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына арнайы мониторинг топ, «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің өкілдері және Агенттік қызметкерлері кірді.

Бұл топтың негізгі мақсаты - тестілеудің «тазалығын» бақылау болып табылады. Қандай да бір сәйкессіздіктер немесе тестілеуді ережеге қайшы тәсілмен тапсыру жағдайлары анықталғанда, олар бұл туралы жауапты тұлғаларға хабарлауға міндетті.

Қазір Агенттік әлеуметтік желілерде, WhatApp мессенджерлеріндегі ата-аналар топтарына мониторинг ұйымдастыруда. Оның нәтижесімен Ұлттық бірыңғай тестілеуден оң нәтижеге қол жеткізуге жәрдем көрсету бойынша белгісіз азаматтар анықталуда.

Осыған байланысты Агенттік оқушыларды тек өз білімдеріне ғана сүйене отырып, тест тапсыруға шақырады, ал ата-аналарды тестілеу қорытындысы бойынша оң баға алу мақсатында пара бергені үшін қылмыстық жауапкершілік және бас бостандығынан айыру көзделгенін ескертеді.

Егер азаматтар осындай жағдайға тап болса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы 1424 call-орталыққа қоңырау шалу қажет. Жалпы, Агенттік Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп парасаттылық пен академиялық адалдық идеологиясын ілгерілету бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

# ЕҢБЕК ЖАСАҒЫНДА – 1,2 МЫҢ ЖАС

**Биыл елордада студенттік құрылыс және «Жасыл ел» еңбек жасағына 1200 жас қабылданды.**

Жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған үздік жобаға жергілікті бюджеттен бөлінген қаржыға сәйкес, белгілі бір квота аясында жүзеге асады. Елорда бойынша 16-шы еңбек маусымы өз жұмысын бастап кетті. Өткен жылдардағы квота бойынша, жылына 975 адам жұмыспен қамтылған болатын. Биыл бұл жобаның сұранысқа ие болғаны ескеріліп, алдағы 3 жылда (2020-2022 ж.ж.) жылына 1200 жасты жұмыспен қамту жоспарланды. Еңбек жасағына 14-29 жас аралығындағы кез келген жастың қатысуына мүмкіндік бар. Десек те, бүгінгі таңда көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға қолдау ретінде сол санаттағы балалар жұмысқа көптеп қабылданып отыр.



# ТЕГІН ЖАҒАЖАЙЛАР АШЫЛАДЫ

**Нұр-Сұлтан қаласының төрт ауданында тегін коммуналдық жағажайлар ашу қолға алынды. Олар Алматы-3, Байқоңыр-1, Есіл-3, Сарыарқа-3 аумақтарында орналасады.**



Комиссия тексерісі бойынша көпшілік суға шомылатын 23 орын анықталған. Олардың үшеуі рұқсат етілген: Орталық жағажай, «Три пескаря» және «Столичный двор» демалыс аймақтары, 20-сы – тыйым салынған орындар. Аталған орындарда 9 мамырдан бастап 141 тыйым салу белгісі мен 20 ақпараттық стенд орнатылып, 20 қалқыма белгілер қойылды.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен волонтерлер бірігіп 155 рейд жүргізді. Суда ережелерді бұзғаны үшін 64 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қала мектептерінің 3 250 оқушысына арнайы алты интерактивті сабақ өткізілді.

Көпшілік суға шомылатын нысандарда күн сайынғы жеке құрамдағы (ТЖД, ДП, МГ, волонтерлер) 80 адамның қатысуымен рейдтік шаралар жалғасын табады.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

## ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Қостанай облысында «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 724 млн теңгеге 12 спорт нысаны ретке келтіріледі. Жақында Рудныйдағы №1 қалалық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Мұнда инженерлік коммуникациялар жүргізіліп, қабырғалары боялып, едендері мен терезелері ауыстырылады.

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Қарағандыда көпбалалы отбасыларды қолдау орталығы ашылды. Жақында өңірде «Жанұя» көпбалалы отбасыларды қолдау орталығы өз жұмысын бастады. Мұнда жұмысқа орналасу, әлеуметтік көмек көрсету, тұрғын үй бағдарламалары және басқа да мәселелер бойынша кеңес алуға болады.

## ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Павлодарда Абайдың 175 жылдығына орай онлайн марафон өтеді. Марафонға қатысушылар 40 күнде 175 шақырым жүгіріп өтуі тиіс. Қатысушылар арасынан «Ең жылдам», «Әлеуметтік желідегі ең белсенді» номинациялары бойынша сыйлықтар үлестіріледі. Қазіргі уақытта марафонға 40-қа жуық адам тіркелген.

*Беттегі суреттер ғаламтордан алынды*

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



### ДДСҰ-ҒА 224 МЛН ДОЛЛАР БӨЛЕДІ

**Германия Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына 224 миллион доллар көлемінде қаржылай көмек беретінін жариялады.**

Берлин осыған дейін де ұйым қазынасына 120 миллион доллардан аса қаражат аударған болатын. Мамыр айында Дональд Трамп әкімшілігі аталған ұйымды қаржыландыруын доғаратынын мәлімдеген еді. АҚШ ұйым қазынасына жылына шамамен 400 миллион доллар төлеп келген.



### ІНДЕТТЕН КӨЗ ЖҰМҒАНДАР 500 МЫҢҒА ЖУЫҚТАДЫ

**Әлемде 9,55 млн адам коронавирус жұқтырды. 488 мың науқас аты жаман індеттің құрбанына айналды.**

5 млн адам дертінен құлан-таза айығып шыққан. Індетті жеңдік деген Қытайда соңғы тәулікте 19 адамнан коронавирус анықталды. Дені – Бейжің тұрғындары. Қазір бұл елде 400-дей науқас ем алып жатыр.

Қазақстанда симптомы жоқ «тасымалдаушыларды» қоса есептегенде 33 310 адамнан коронавирус анықталған. 19 750-і – «симптомы бар» науқас, 13 560-ы – «симптомы жоқ» тасымалдаушы. Эпидемия басталғалы бері 12 220 адам жазылып шығып, 147 адам қайтыс болды.



### НАЙЗАҒАЙДАН 107 АДАМ ҚАЗА БОЛДЫ

**Үндістанда найзағай түсіп бір күнде 107 адам қаза болды. Times of India газетінің мәліметінше, Бихар штатының 83 тұрғыны мен Уттар-Прадештегі 24 адам табиғи апаттың құрбаны болған. Көз жұмғандардың көбісі егістіктерде жұмыс істеп жүрген.**

Үндістандағы табиғи апаттармен күрес департаментінің қызметкері Сандип Кумардың айтуынша, жақындарынан айырылған отбасыларға 5,3 мың доллар көлемінде өтемақы төленеді. Азаматтардың қайтыс болуына байланысты елдің премьер-министрі Нарендра Моди көңіл айтты.

Дайындаған Қалиакбар **ҮСЕМХАНҰЛЫ**

№75 (4044) 27 маусым 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# ШЕТ АЙМАҚТАР ШЫРАЙЫ КІРЕ МЕ?

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының көпшілік тыңдауларында елорданың шет аймақтарының қазіргі жағдайы мен болашақтағы даму мәселелері талқыланды. Қала аудандарының әкімдері кезек-кезегімен күн тәртібіндегі мәселе туралы баяндама жасап, ағымдағы жұмыстар жайлы айтты, алдағы жоспарларымен бөлісті.**



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

## МЕКТЕП ПЕН ЕМХАНА КЕҢЕЙТІЛДІ

Алматы ауданында «Промышленный», «Железнодорожный», «Интернациональный», «Мичурино», «Күйгенжар» және «Оңтүстік-Шығыс» аталатын алты тұрғын алап бар. 95 мың адам тұратын бұл елді мекендер аумағында 13 балабақша мен 12 орта мектеп жұмыс істеп жатыр. Осыны айтқан аудан әкімі Бектенбай Есполов мектептерді кеңейту мәселесіне тоқталды.

– Өткен жылы «Промышленныйда» №57 мектепке 300 орынға арналған қосымша ғимараттың құрылысы аяқталды. «Мичуринода» 600 орынға шақталған мектеп салынып жатыр. «Железнодорожныйда» ІІМ оқу орталығын қаланың коммуналдық меншігіне қайтару үдерісі жүргізілуде. Онда №50 балабақшаның 140 орындық екінші корпусын және техникалық шығармашылық орталығын ашуды жоспарлап отырмыз. Тұрғын алап тұрғындары осындай нысандарды ашу туралы бірнеше рет мәселе көтерді, – деді Б.Есполов.

Аудандағы тұрғын алаптарда медициналық қызметтерді қала емханаларының бес филиалы көрсетеді. Тұрғындардың өтінішімен «Железнодорожныйда» емхана кеңейтілді. «Мемлекеттік бағдарламамен салынған тұрғын үйлерде «Үй жанындағы дәрігер» жобасымен емханаларды ашуға мүмкіндік бар. Мәселен, «Елорда даму» компаниясымен Қошқарбаев даңғылында «Ниет» отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның филиалын ашу туралы келісімге келдік» деді аудан әкімі.

Оның айтуынша, осы жылы №29 мектептің жанында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жоспарланып отыр. Онда медициналық бөлмелер, спорттық және қоғамдық блоктар, халыққа қызмет көрсету орталығы орналасатын болады.

## ЖЫЛЫ АЯЛДАМАЛАР КЕРЕК

Жол жөндеу жұмыстарына тоқталған аудан әкімі соңғы екі жылда тұрғын алаптарда 15 көше жөнделіп, 7 көшеге қиыршақ тас төселгенін айтып өтті. «Биыл 25 көшеде жөндеу жұмыстары басталды. «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алабындағы жеті көшеде сәйкес жұмыс жүргізіліп жатыр. Тағы он үш көшеде жұмыстар жыл аяғына дейін жасалады. Соның ішінде екі көшеге инженерлік желілер төселеді» деген Б.Есполов білім және денсаулық сақтау нысандары маңайында төрт жылы және төрт желден қорғайтын аялдама орнатылғанын жеткізді.

Оның сөзінше, тұрғын алаптарға әлі төрт жылы және 16 желден қалқалайтын аялдама керек. Таяуда аудан басшысы халықпен кездескенде, тұрғындар осындай өтініш айтқан. «Тұрғын алаптарда қазір 66 аялдама нүктесі бар. Оның 46-сында павильондар орнатылған, 20-сында қалқа жоқ. Біз бұл бағытта жұмыс істеп жатырмыз» деді Б.Есполов.

Абаттандыру жұмыстарына ойысқан аудан басшысы «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алабында үш аула кешенді абаттандырылғанын айтты. Бұл – Б.Момышұлы, 16, Іле, 30 және Р.Қошқарбаев, 80/1 мекенжайлары. «Интернациональный» мен «Железнодорожный» тұрғын алаптарында екі шағын бақ салынды. Оған қосымша балалар алаңдары, футбол алаңы бой көтерді. Бұған қоса, тұрғын алаптарда шағын архитектуралық формалар орнатылып, тротуарлар төселді.

## ТҰРҒЫНДАР КӨШІРІЛІП, ЕСКІ ҮЙ СҮРІЛДІ

Қазіргі таңда «Промышленный», «Күйгенжар», «Мичурино» тұрғын алаптарында үш қоғамдық кеңістік құру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның жалпы ауданы – 1,3 гектар. 10 көшеде жарықтандыру қалпына келтірілді. Жалпы, Алматы ауданындағы тұрғын алаптарда 201 көшенің 26-сы жарықтандырылмаған. «Жаңа тұрмыс және Қордай көшелерінде 10 жылдан бері жарық болған жоқ. Біз оны өз күшімізбен істеп жатырмыз» деді аудан әкімі.

Оның айтуынша, «Промышленныйда» Б.Серікбаев,14 мекенжайында ескі-апатты үй сүрілді. Онда 18 отбасы немесе 50 адам тұрған. «Бұл мәселеге қала әкімі араласқан соң, осы жұмыс жылдамдатылды. Нәтижесінде тұрғындар жаңа үйлерге көшірілді. Қазіргі кезде Шалкөде, 7 және Марков, 2 мекенжайларында 80 адам тұратын ескі үйлер бойынша жұмыс жүріп жатыр. Тиісті құжаттар Тұрғын үй басқармасына жіберілді. Үй апатты болып танылса, сүріліп, тұрғындар көшіріледі. Қазір «Нұрлы жер-2020-2025» бағдарламасы аясында «Промышленный» және «Железнодорожный» тұрғын алаптарында Шалкөде, 2/1 және Маяковский, 7 мекенжайларында екі үйді жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы, тұрғын алаптарда 29 көппәтерлі үй бар. Соның ішінде 23 үйдің салынғанына 30 жылдан асып кеткен. 2017 жылы екі үй жөнделді. Біз тұрғындармен кездескенде бәрі жөндеу өткізуге келіспейтінін анықтадық. Тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз» деді Б.Есполов.





## ГАЗДАНДЫРУ 96 ПАЙЫЗҒА ОРЫНДАЛДЫ

«Железнодорожный» және «Промышленный» тұрғын алаптарын газдандыру белсенді жүргізіліп жатқанын айтқан аудан әкімі алдындағысында тиісті жұмыстар 96 пайызға орындалғанын, 650 үйді газға қосу жоспарланып отырғанын жеткізді. Жылу маусымы басталғанша «Промышленныйда» газ желілері құрылысы толығымен аяқталып, 2300 үй газға қосылады. Қазіргі таңда мұнда дайындық 10 пайыз ғана.

– Қазір тұрғындарға газға қосылу мәселесін түсіндіріп жатырмыз. Бұл үшін Ж.Жабаев, 12/2 және Шалкөде, 3 мекенжайларында екі кеңсе ашылды. Мердігерлермен келісімге келдік. Олар «Железнодорожныйда» әлеуметтік қолдау ретінде өз қаржысына 10 үй мен №29 мектепті газға қосады, – деді Б.Есполов.

## ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫ ТОЛҒАНДЫРАДЫ

Аудан басшысы проблемаларды да жасырмады. Оның айтуынша, олардың шешілуі қаржыландыруға байланысты болып отыр. Біріншіден, жол инфрақұрылымы мәселесін шешу керек.

– 2011 жылы «Интернациональный», «Мичурино» және «Күйгенжар» тұрғын алаптарында жол және инженерлік желілер салу жобасы басталып, әлі күнге дейін аяқталмады. Осы елді мекендерде орталық су мен кәріз жүйелері жоқ. Тұрғындар су құдықтардан алып ішуге мәжбүр. 2016 жылы «Железнодорожныйда» Байырқұм көшесінде ұзындығы 5 шақырым жол құрылысы басталды. Сол көшеде тұрғын үйлермен қатар туберкулезге қарсы диспансер, әскери бөлім, автобус паркі орын тепкен. Асфальт төселген. Бірақ үйлер мен тиісті нысандарға жол салынбаған. Осы кентте 10 мың адам тұрады. Тұрғындардан түсетін әр төртінші өтініш осы жолға қатысты болып отыр, – деді Б.Есполов.

Аудан басшысы басқа өзекті мәселелердің ұшығын да шығарды. Соның ішінде мектептер мен емханалар мәселесін қозғады. Атап айтқанда, «Интернациональный» тұрғын алабындағы №44 мектеп әбден ескірген. 1968 жылы салынған бұл нысан 640 орынға шақталған. Бірақ қазір онда 900 оқушы білім алып жатыр. «Осы мектепке қосымша ғимарат немесе жаңа мектеп салу керек. Мектеп территориясы жапсаржай салуға жетеді. №7 емхананың да жаңа филиалы салынуы қажет. «Промышленныйда» №13 мектепке де жапсаржай немесе жаңа ғимарат керек. Мектеп 1982 жылы салынған. Онда 800 бала оқып жатыр. Бірақ ғимарат 400 орынға шақталған. Мектеп жанында Марков, 2 және Шалкөде, 7 мекенжайларында апатты үйлер бар. Оларды сүретін болсақ, жапсаржай сала аламыз» деді Б.Есполов.

Байқоңыр, Есіл және Сарыарқа аудандарының әкімдері Нұрбол Нұрсағатов, Берік Жәкенов, Ерғали Егемберді де осындай баяндамаларды жасады. Мәслихат депутаттары тиісті сауалдарды жолдап, жауаптарды алды.

# ДЕРТКЕ ҚАРСЫ ДӘРМЕНСІЗ ЕМЕС ЕДІК...

Райхан РАХМЕТОВА

**Елордада соңғы аптада коронавирус жұқтырған науқастардың көлемі 3 есеге өсті. Күніне коронавирус инфекциясы және пневмониямен ауруханаға 350-400 адам түседі. Биылғы 24 маусымдағы жағдай бойынша елордада инфекция жұқтырғандар саны 3546 адамға жетті. Соңғы жеті күнде тәулігіне орташа есеппен коронавирус инфекциясының 150 жаңа оқиғасы тіркелуде. Оның ішінде 50 пайызы – симптомсыз жағдайда. 2577 адам немесе ауырғандардың 73 пайызы емделіп шықты. Өкінішке қарай, 38 адам осы аурудан көз жұмды.**






### БАҚЫЛАУ БАР МА?

Ауруханаларда орын жоқ, орын болса қарайтын дәрігер жетіспейді. Жедел жәрдем шақырсақ неге келмейді? Дәріханалардан отыз теңгенің парацетамол, аспирині табылмай қалды. Қауіпті дерт жұқпағанмен, пневмониядан қиналған көптің осындай жан айқайынан әлеуметтік желі жарылуға шақ тұр. Халықтың көкейіндегі көп сауалдың бастылары – осылар. Бұған дейін бәрін бақылауда ұстап келіп, енді қазір науқастар саны артқанда біз расымен осылай дәрменсіз күйге түсе бастадық па? Мемлекет басшысынан бастап медицина ұйымдарының жетекшілеріне дейін БАҚ және әлеуметтік желі беттерінде осының бәріне жауап беруде.

**– Індетпен күресте Үкімет ахуалды бақылаудан шығарып алды ма?**

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті, «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан:**

– Қазір «біз осы індетпен күресте жеңіліп жатырмыз немесе Үкімет ахуалды бақылаудан шығарып алды» деуге болмайды. Өздеріңізге мәлім, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұқпалы ауруларға арналған үш аурухана жедел салынды. Басқа өңірлердегі ауруханалар керек-жарақпен жабдықталды. Науқастарды емдеуге дәрігерлеріміздің біліктілігі жетеді. Қазір ақ халатты абзал жандар күндіз-түні осы індетпен күрестің алдыңғы шебінде жүр. Мемлекет тарапынан қажетті қаражат бөлінді.

### ІНДЕТ БЕЛГІСІ ҚАНДАЙ?

**– Коронавирустың нақты негізгі белгілері қандай?**

**Жанар УРАЗАЛИНА, жоғары дәрежелі дәрігер, терапевт-пульмонолог, медицина ғылымдарының кандидаты:**

– Қауіпті инфекцияның негізгі белгілері – қалтырау, шаршау, әлсіреу, бұлшық еттердің сырқырауы, тамақтың, бастың, кеуде тұсының ауырсынуы, диспепсиялық бұзылулар. Соған қоса, іштің ауырсынуы, дәм мен иіс сезудің жоғалуы да негізгі белгілерге жатады. Дене қызуы көтеріліп, құрғақ жөтел және демікпе пайда болады.

**– Коронавирус белгісіне ұқсайтын аурулары бар, орнынан қозғала алмайтын науқастардың шақыртуына жедел жәрдем неге келмейді? Кімге шағымдану керек?**

**Сәуле ҚИСЫҚОВА, қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы:**

– Ондай шағымдар түскені рас. Қаладағы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, жедел медициналық көмек базасында дереу талдау жасап, кеңес беретін байланыс орталығы құрылды. Мұнда күніне шамамен 500 өтінім қаралады. Оған қоса, қалалық аумақтық емханаларда жауапты тұлғалармен байланыс орталығы ашылды. Олар туралы ақпарат интернет-ресурстарда қолжетімді. Қаладағы iKOMEK ақпараттық орталығында медициналық ұйымдардың әр басшысына арналған мобильді қосымшалар бар. Өтінімдер бірден олардың мобильді қосымшаларына түседі.

### КІМДІ ҮЙДЕ ЕМДЕЙДІ?

**– Жедел көмек бригадасының көмек көрсету алгоритмі қандай?**

**Бауыржан ЖҮСІПОВ, Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы басқарма төрағасының міндетін атқарушы:**

– Жедел көмек бригадасы бірінші кезекте науқастың ентігіп, тыныс алуы қиындап, дене қызуы көтеріліп тұрғанын есепке алады. Науқастан қауіпті факторлар анықталмаса, оны үйінде қалдырады. Әрі қарай емхананың учаскелік дәрігерінің қадағалауына жібереді. Егер пациенттен дерттің ауыр немесе орташа ауыр белгілері анықталса немесе қауіпті фактор болса, яғни жасы 60-тан асқан, қант диабеті, өкпенің созылмалы аурулары сияқты аурулар болған кезде одан әрі емдеу үшін стационарға жеткізіледі.

### ДӘРІ-ДӘРМЕК НЕГЕ ЖОҚ?

**– Дәріханаларда неге дәрілер тапшы?**

**Гүлнарай АЛМУРЗИНА, «Нұр-Сұлтан қаласының фармацевтикалық ассоциациясы» ЗТБ директоры:**

– Расында, кейбір дәрі-дәрмектердің тапшылығы байқалады. Өткен аптадан бастап қала тұрғындары вирусқа қарсы препараттар: азитромицин антибиотиктерін сатып алуда. Біз талдау жүргізіп, дәрі-дәрмектердің 41 атауы көрсетілген кесте құрдық. Антибиотиктер мен рецепт бойынша дәрі-дәрмектер бұрынғыдай дәрігердің нұсқауымен ғана жіберіледі. Дене қызуын түсіретін дәрі-дәрмектердің жетіспеушілігін ескере отырып, олардың балама нұсқалары барына назар аудартамын, атап айтқанда: панадол, эффералган, ибупрофен, ибуфен, МИГ, новиган сияқты дәрілер қазір дәріханаларда бар.

**Бақтияр МӘКЕН, Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары,** дәріхана желілері басшыларымен онлайн-кездесуде:

– Әкімдік қалалық дәріханаларда вирусқа қарсы дәрі-дәрмектердің болуын үнемі қадағалап отыр. Елордада коронавирус инфекциясын жұқтырушылар санының көбеюіне байланысты вирустық инфекциялық аурулардың алдын алу үшін қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге ерекше назар аударылуда.

**– Парацетамол қашан сатыла бастайды?**

**Арнұр НҰРТАЕВ, Дәрі-дәрмектер сараптамасы ұлттық орталығының бас директоры:**

– Шамамен 2 миллионға жуық парацетамол саудаға шыққанға дейін тексеруден өткізіледі. Оның баламасы өте көп, тіпті 80-нен астам модификациясы бар. Қазақстанға түрлі өндірушілерден 1,5 млн қаптама азитромицинді сатылым үшін әкелуге рұқсат етілді. Жақын күндері парацетамол мен азитромициннің көп мөлшері жеткізіліп, аталған дәрілер тапшылығы болмайды. Ескерте кетейін, вирусты пневмонияға қарсы бұл антибиотиктер еш көмектеспейді. Сондықтан бірден оларды сатып алуға дәріханаға жүгірудің қажеті жоқ.

### ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ ЖҮКТЕМЕ КӨП

Қазіргі таңда жедел жәрдем қызметіне аптасына тұрғындардан 28 мың өтініш келеді. Соңғы тәулікте бұл көрсеткіш 4,5 мыңға дейін жетті. Қызмет көрсетілген шақырулардың саны 18 мыңға жуықтаған. Соның ішінде аптасына коронавирус жұқпасына байланысты 4438 қоңырау шалынған. Тұрғындар арасында «жедел жәрдем шақыртуымызға келмейді» деген шағымның көбеюі де сол себептен. Осыған орай, инфекция жұқтырып алған елге танымал тұлғалар да жедел жәрдем қызметіне қатысты басынан кешкен жайларымен әлеуметтік желілерде бөлісуде.

**Мақпал ЖҰМАБАЙ, «Балапан» телеарнасының директоры:**

– Температураңыз түспей, кеудеңіз ашып, көкірегіңіз ауырып, орныңыздан тұрғанда қара терге түссеңіз, ауа жетпей алқынсаңыз, жедел жәрдем шақырыңыз. Бірақ жедел жәрдем симптомдарыңыз бойынша сізді кезекке қояды. Жоғарыда аталған симптомдар қатар келсе, алдыңғы кезекте сізге жету мүмкін. Бұл жерде жасыңыз, қауіпті категорияға кіру-кірмеуіңіз де ескеріледі. Жылдам келмей жатса, жағдайды түсінуіңіз керек. Демек, сізден де қауіпті жағдайдағы адамдар бар. Жедел жәрдем операторымен сөйлесіп, жағдайыңыз қиындағанын ескертіңіз. Ол жәрдемнің тезірек жетуін координациялауы мүмкін. Біз 3 рет жедел жәрдемге жүгіндік. Жағдайымыз күте алатындай болған соң күтушілердің қатарында болдық.

**Махаббат БЕКБОСЫНОВА, «Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталық» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары:**

– Қазір жедел медициналық қызметке қаншалықты күш түсіп жатқанын білесіздер. Оларға болмашы ғана симптомдары бар пациенттер өте көп хабарласады. Бұл шын мәнінде көмекке аса зәру науқастарға жедел қызмет көрсетуге қолбайлау болуда. БМСК деңгейіндегі амбулаторлық қызмет негізінде кезекші бригадалар жасақтау туралы ұсыныс айтқан едік, олар сол симптомдары жеңіл пациенттермен жұмыс істеп, телефон арқылы кеңес береді. Ал жедел жәрдем қызметі бірінші кезекте ең ауыр санаттағы науқастармен жұмыс істеуі керек. Қабылданған шаралар елдегі ахуалды тұрақтандыруға мүмкіндік береді деп санаймын. Күн сайын симптомсыз және жеңіл түріне жататын науқастардың статистикасын жүргізіп отырмыз. Шамамен елімізде 15 мыңдай адам ауру белгілері жоқ және 2 мыңдай адам – дерттің жеңіл түріне жататын науқастар. Елордада жақында қосымша 32 жедел медициналық жәрдем бригадасы құрылып, қазір барлығы 150 жедел жәрдем бригадасы қала халқына қызмет көрсетуде.

### ТӨСЕК ОРЫН ТАБЫЛАР, ДӘРІГЕР ЖЕТПЕЙ ҚАЛСА ҚАЙТЕМІЗ?

Күн сайын пневмониямен ауыратын науқастардың саны артып отыр. Қалада бір апта ішінде пневмониямен шағымдану саны 8,5 есеге артты. Пандемияға дейін күніне пневмониямен 80 науқас шағымданып келетін болса, қазір ол 600 жағдайға дейін өскен. Осының бәрі ауруханаларда орын тапшылығын тудыруда. Сондықтан төсек орын саны ұлғайтылып жатыр. 12 маусымнан бастап жұқпалы және провизорлық ауруханалардағы төсек орны саны Нұр-Сұлтан қаласындағы медициналық ұйымдардың төсек орны қорын қайта құруға байланысты 1351 орынға ұлғайтылып, тек соңғы үш күнде қосымша 830 төсек берілді. Ұлттық ғылыми медициналық орталықтың базасында тағы 200 инфекциялық төсек дайын болады. Қазіргі таңда коронавирус инфекциясымен күресуге 3135 төсек орындық 12 денсаулық сақтау ұйымы қоса жұмылдырылып жатыр. Ауруханаларда жұмыс жүктемесі артып, 79 пайызды құрап отыр. Сондықтан Нұр-Сұлтан қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәуле Қисықова халыққа бейнеүндеу жолдап, ел азаматтарының бүгінгі жағдайда өз денсаулығын күтуге, қауіпті дерттен сақтануға қатысты көзқарасын дұрыстауға шақырды.

– Мейлі ауру жұқтырғандарға арнап жаңа стационарлар ашыла берсін, төсек орындар көбейтілсін. Оны шексіз арттыра беруге болатын шығар. Бірақ сол нысандарда науқастарды емдейтін медицина мамандарын жеткізе алмай қалуымыз мүмкін. Себебі өздеріңіз білесіздер, дәрігер мамандарын дайындауға көп уақыт кетеді. Сондықтан кадр тапшылығына қатысты олқылықтың орнын толтыру оңайға түспейді. Осыны ескере келе, науқастар санын одан әрі көбейтіп алмас үшін әрбір азаматтың өз денсаулығына, айналасындағы жақындарының өміріне бей-жай қарамауын сұраймын, – деді басқарма басшысы.

### ЖОСПАРЛЫ ҚАБЫЛДАУ ОНЛАЙН ФОРМАТҚА КӨШТІ

Ауру саны артып, жүктеме көбейген сайын мемлекет өз тарапынан барлық денсаулық сақтау саласындағы ресурстарын осы дертпен күреске жұмылдыруға көшті. Қазіргі эпидемиологиялық жағдай ескеріле келе, 23 маусымнан бастап қала емханаларында науқастарды жоспарлы қабылдау мен қарау тоқтатылды. Олар енді тек шұғыл және КВИ белгілері бар науқастарды ғана қабылдайды.

Жоспарлы консультациялық көмек онлайн форматта көрсетіледі. Диспансерлік тіркеуде тұрған азаматтарға қажетті рецепт онлайн беріліп, дәрі-дәрмек үйге дейін жеткізіп беріледі. Халықты вакцинациялау екпенің ұлттық күнтізбесі бойынша жоспарлы түрде жүргізіледі. Жүкті әйелдерді қабылдау, УДЗ скрининг жүргізу штаттық режимде қалады.

**» Қазіргі таңда бүкіл әлемде қағаз газет-журналдардың таралымы азайып, бұл сала бұрын-соңды болмаған қиыншылықтарды басынан кешуде. Мысалы, АҚШ-тың өзінде ғана соңғы үш жылда қағаз басылымды редакциялар санының үштен бірі қысқарған. Түстіктегі көршіміз – Ресейде де мерзімді басылымдарды шығаратын баспалардың шығыны артып, газеттерді тарату қиындап кетті.**




# ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ ЖӘНЕ ҰЛТ МҮДДЕСІ

Төлен **ТІЛЕУБАЙ**

Бізбен көршілес Өзбекстанда қағаз газет сататын дүңгіршектер азайған. Өзбекстан президенті Ш.Мирзиёев елде газет пен кітап оқуды насихаттау үшін шетелдік әріптестеріне кітап сыйлауды дәстүрге айналдырды. Қазақстандағы ахуал да осыған ұқсас. Қазақ баспасөзін шығару, тарату, оқырманға жаздыру және т. б. мәселелер күн тәртібінен түспейтінін көзбен көріп отырмыз.

Соңғы кездері бұл мәселе жиі-жиі талқыланып, бұқара мен биліктің назарына ұсынылды. Бір құптарлығы, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева жаңа қызметіне кірісcourt бастап қазақ тілді БАҚ басшыларымен жүздесіп, мәселенің мәнісіне терең бойлады. Демек, біздің қоғамда қазақ баспасөзінің бүгіні мен болашағына қатысты бір жағымды өзгеріс болары анық. Ақпарат саласының тізгінін бірнеше жыл қолына ұстаған Дәурен Абаевтың ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалуы да осынау күрмеулі түйінді тарқатуға септігін тигізетініне үміт зор.

Шындығына келсек, қазақ баспасөзі қай заманда болсын мемлекеттік идеологияны, саясатты жүргізу мен насихаттаудың бірден-бір құралы болып келеді. Ендеше, мемлекеттің өзі оны қолдауы керек емес пе? Өйткені бұл – бүкіл өркениетті елдерге тән құбылыс. Ғаламтор қағаз бере алмайтын көп нәрсені ұсынатын шығар, алайда газеттер ешқашан жойылмайды. Өйткені сапалы журналистиканы, барынша терең сараптама мен сауатты ақпаратты алғысы келетін әрбір оқырман теледидар мен ғаламторды емес, газетті қалайды. Осы тақырып бойынша төменде бірқатар медиа-сарапшылардың ой-пікірін жинақтаған едік.



**Шәмшидин ПӘТТЕЕВ,**
«Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры:

## ТІЛДІ ТІРІЛТЕТІН – БАСПАСӨЗ

*– Әлемдік тәжірибеден мәлім жайт, газеттерге жазылу ісі, негізінен, мемлекеттік қолдаудың арқасында жүзеге асады. АҚШ пен Канадада, Еуропа елдерінде газет-журналдарды оқырманға тасымалдау шығындары мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын болғандықтан, жазылу бағасы әлдеқайда төмен. Дамыған мемлекеттер тіл саясатына құйылған қаржылық шығындарды ұзақмерзімді стратегия деп қана емес, мемлекеттік даму үдерісіндегі аса маңызды инвестиция санайды. Ал бұл саясатты жүргізудің ең маңызды құралы – мерзімді баспасөз. Сондықтан да Англияда көптеген жылдар бойы мерзімді басылымдарға жазылу үшін төленетін пошта алымдары өте төмен деңгейде сақталып, ағылшын газеттері қосымша құн салығынан босатылған. Голландияда әр студент мемлекет есебінен бір журналға бес жыл бойы тегін жазылуға құқылы. Францияда жастарды газет-журнал оқуға ынталандыру үшін олардың мерзімді баспасөзге тегін жазылуын қамтамасыз ететін мемлекеттік бағдарлама осыдан он жыл бұрын қабылданған. Бұл салаға қомақты қаражат бөлуде Франция Еуропалық Одақ елдерінің ішінде көш бастап тұр: мемлекеттік бюджеттен мерзімді баспасөзге бөлінетін қаржы жылына 1,4 миллиард еуродан асады. Мерзімді баспасөзге қолдау білдіретін елдер қатарында Швеция да үлгі бола алады. Бұл елде таралымы шағын, жарнамадан түсімі аз газет-журналдарға арналған тікелей мемлекеттік инвестициялар бар. Мұндай газеттерді жабылып қалудан сақтау үшін олардың жалпы шығынының 20 пайызына дейін мемлекет есебінен жабу механизмі жасалған. Дамыған мемлекеттерде газет-журнал оқу мәдениеті қалыптасқан әрі жоғары кәсіби деңгейдегі мерзімді баспасөзді шығару ісі мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынған, бұған қоса, газет-журнал тарату ісі жолға қойылған. Сол сияқты басқа еуропалық елдерде, АҚШ-та немесе Жапонияда мемлекеттік тілдің қағажу көруі деген мәселе жоқ, сонда да бұл елдер мемлекеттік тілдегі баспасөзді ақпараттық саладағы ұлттық қауіпсіздік пен ұлттық экономиканың мүддесі үшін жан-жақты қолдап келеді. Яғни Қазақстан сияқты тәуелсіздігіне әлі отыз жыл толмаған, мемлекет тілінің толыққанды қуаты іске аспаған жас мемлекетте бұл салаға екі-үш есе артық көңіл бөлу керек деген сөз. Сонда ғана мемлекеттік тіл саясатын жемісті жүзеге асыруға әрі мерзімді баспасөзді күшейту арқылы ақпараттық саясатты мемлекет мүддесі үшін тиімді пайдалануға болады.*



**Бигелді ҒАБДУЛЛИН,**
танымал басылымдарға жетекшілік жасаған журналист:

## ПРЕЗИДЕНТКЕ ЗОР ҮМІТ АРТАМЫН

*– Қазір Қазақстанда іс жүзінде журналистика жоқ деуге болады. Менің БАҚ-тағы әріптестерім бұған ренжімейтін шығар. Өйткені бұрынғы «Время», «Караван», «Central Asia Monitor», «Свобода слова» газеттері, «Ratel» порталы», бұрынғы журналистер жоқ. Олардың бәрі «шеттетілген» немесе басқа салаға кетті. Қазір өзім Facebook-те ғана жазамын. Әрине, шынайы және сапалы журналистикамен салыстырсақ, бұл жер баланың ойыны сияқты. Әділдік үшін айтар болсам, ғаламтордағы сайттар мен әлеуметтік желілердің қоғамға ықпалы артып келеді. Қазақстанда сөз бостандығының жоқтығына шенеуніктер мен министрлер кінәлі емес, бірақ бұл – апаттың көкесі. Елде шынайы демократиялық саяси реформалар болмай, БАҚ-тағы демократия, сөз бостандығы, БАҚ-ты қолдау туралы айтудың керегі жоқ. Менің бір үмітім бар, ол – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Жазушының отбасында өскен ақылды, интеллигент тұлға. Ол – Батыс құндылықтарын, соның ішінде БАҚ-тың қоғам мен әлемдегі рөлін жақсы білетін және түсінетін либералды көзқарастағы адам. Меніңше, Президент өзінің министрлері мен әкімдеріне қарағанда прогрессивті деп ойлаймын.*



**Сәуле МЕШІТБАЙҚЫЗЫ,**
ҚР еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Qazaqstan dauiri» газеті мен республикалық «Мөлдір бұлақ» балалар журналының бас директоры:

## ТЫҢ БАСТАМАЛАР ҰСЫНСАҚ...

*– Мені қазақтың дәстүрлі басылымдарының тағдыры толғандырады. Қазақ баспасөзі – мемлекеттік саясатты дұрыс жүргізуде Елбасының бірден-бір қолдаушысы әрі көмекшісі. Президенттің бастамалары мен көзқарасын халыққа жеткізіп отырған, насихатын күшейтіп отырған – қазақ басылымдары. Мен тек газеттерді ғана айтып отырмын. Бұл қатарға журналдарды, телеарналарды да қосу керек. Менің бұған алып-қосарым жоқ. Бұл әлі күнге маңызын жоймай отырған мәселе екенін кімнен жасырамыз?..*

*Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде мемлекеттік емес ақпарат құралдары, солардың арасында қазақ тілді БАҚ та көбейді. Әйткенмен, қазақ баспасөзі қоғамдағы құбылыстарға, билік пен халық арасындағы жаңа қарым-қатынастарға ескі көзқараспен қараудан арылмай отыр. Қазақша газеттер ауыл, тіл, мәдениет, ұлтаралық қатынастар, өткеннің жетістіктері тақырыптарына жиі оралып отырады. Бірақ адамды амбиваленттік күйге түсіретін мұңды сарынға көбірек бой алдырады. Өзгелерді қайталаудан асып, тың идеялар көтеру аз. Кейбір басылымдар билікті сынауды меңгерді. Сонысымен бұқара алдында едәуір беделге ие болып, таралымын қанағаттанарлық мөлшерде сақтап отыр.*

*Иә, тәуелсіз газеттердің таралуына елеулі тосқауылдар болып отыратыны рас. Бірақ таралымның аздығын осы себеппен ғана түсіндіруге болмайды. Бұл жерде нені, қалай жазып жүрміз, халыққа не керек деген сұрақтардың басын ашып алу маңызды болып табылады, әрине.*

*Баспасөз халыққа арналады. «Қазақ баспасөзі халық ұғымына ауыл тұрғындарын сыйғызады. Бұдан ауылдағы сауаты мен мәдениеті төмен бұқараның мүддесін көздеу алдыңғы лекке шығады» деп сынайтындар бар. «Қазақты ауылға қайтарайық», «мал басын арттырайық», «ауылға апаратын жол салайық», «ауызсу жеткізейік» деген сияқты мәселелер қазақ тілді газеттердің ұранына айналғанын да іліп әкететіндер бар. Бұған жауап, сөз басында айтқанымыздай, қазақ баспасөзінің оқырмандары ауылда. Қазақтың арқасүйер тірегі де ауыл. Ауыл көркеймей, ел экономикасының қарыштап дамуы да күмәнді. Осындай жағдайда ақшаның астына көмілген өзге тілді БАҚ ауылға емес, жаһанға көз салып, ғаламдық жаңалықтарды тықпалап әлек. Олардан ауыл-аймақ туралы сараптама мақала оқу қиын. Өйткені олар мұндай «кәкір-шүкірмен» айналыспайды. Олай болса ауылдың жырын қағанағын жарып шыққан қазақ газет-журналдары толғамағанда кім толғайды?*

# Журналист және жұртшылық



Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Журналистер – жұмыр жердегі жақсылықты жаңғыртып, жамандықты жаншып жазатын жанкешті «жауынгерлер»! Жалпақ жұртымыздың жалыны, жебелі жазушы-журналшысының «жазғаны – жақұт, жегені – жантақ» жайлы жүрекжарды жазбасы журналистің жағдайын жете-жеріне жеткізгендігінде жалған жоқ.

Журналистер – жылжып жатқан жылдардың жылнамасын жүргізуші. Жер-жаһандағы жақсы және жаманды жіліктеп жазушы, жақсылықтың, жасампаздықтың жақтаушысы.

Журналистер – жұртшылықтың жанайқайын жүйенің жетесіне жеткізуші. Жұмысшының жағдайын жақтаушы, жабырқаған жанға жәрдемші, жолынан жаңылғанды жөнге жетелеуші. Жоғалғанның жоқтаушысы, жігері жасығанның жебеушісі.

Журналистер – жүргенде «жемтігі» жілігіне жабысатындар, жұп-жұмыр, жып-жылы жазғанымен жан-жағын жарықтандырушылар, жазғаны жан сарайын жұбатушылар, жазғаны жарияланбай жатса жаны жабырқайтындар, жазғанымен жанұясының жай-күйін жайландырушылар.

Журналистер – жұртшылыққа жедел жаңалықты, жалаулаған жақсылықты, жантүршігерлік жамандықты жеткізетіндер, «жау жағаға жармасатын» жағдай жарияланса, жұмысқа жата-жастана жегілетіндер.

Журналистер – жанкешті журналисте жайбарақат жұмыс жоқ, жан-жағындағы жүргеннің, жүзгеннің, жөтелгеннің, жөнелгеннің, жеңгеннің, жеңілгеннің, жылағанның, жығылғанның, жетістіктің, жөнсіздіктің... жалпы «жыбырлағаннан» жұрнақтап жүріп жаназығын жинайтындар.

Журналистер – жаны жайсаң, жүрегі жомарт, жолынан жығылмайтын жандар.

Жалпы, журналист жолы – жан-жақты жарқын жол!




# МИНИСТР МАРАПАТЫ

**Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева БАҚ қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады.**

«Кез келген қоғамның дамуы, мемлекеттік өсіп-өркендеуі – сол қоғамның ішкі тұрақтылығына, берекебірлігіне, ұлттық құндылықтарының сақталуына, мемлекеттік мықты идеологиясына байланысты. Ал мұны қалыптастыратын, ең бірінші, ғалымдар мен зиялылар, ақын-жазушылар мен журналистер. Журналистер – қоғамның жанашыры. Қоғам тіршілігіндегі қылт еткен қиындықтарда бірінші болып үн қататын, тығырықтан шығар жол іздейтін де журналистер қауымы. Қаламдарыңыздан қасиет кетпесін! Ел игілігін ту еткен еңбектеріңіздің табысын көріңіздер! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақыт пен береке тілеймін!» деді Аида Балаева құттықтау сөзінде.

БАҚ қызметкерлері күніне орай өткен салтанатты жиында танымал журналист Бейсен Құранбек атындағы «Жігер» сыйлығының жеңімпаздары марапатталды.

Сондай-ақ кәсіби мереке қарсаңында «Вечерняя Астана» газетінің шолушысы Шолпан Ақбалаева «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен, «Астана ақшамы» газетінің веб-редакторы Таңатар Төлеуғалиев Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталды. Ал «Елорда инфо» сайтының тілшісі Аян Әбдуәли «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауында жүлдегер атанды.

# ШЕБЕРЛІК ПЕН ШИКІЛІК

**Қоғам тынысын, дүние бүлкілін көркем тілмен, байыпты сөзбен салмақтап, саралап жеткізу – қалам ұстаған барлық журналистің міндеті, абыройын асқақтатар қабілет өлшемі, шеберлігінің көрінісі. Салмақтай отыра, жеделдік пен ұшқырлық таныту да қарымды журналистен күтілетін қасиет. Егемен елдің қазіргі журналистикасының аяқ алысы мен даму деңгейін аңдап жүргенге оның барлық кем-кетігі мен артықшылығы анық білінеді. Кәсіби мереке қарсаңында саланың сыны мен сырын ұққан танымал тұлғаларынан «Қазіргі қазақ журналистикасының ең басты үш кемшілігі мен басты үш артықшылығы неде?» деп сауалнама алған едік. Сынды түзеп, озық тұсымызды еселей түссек, ұтарымыз көп болары сөзсіз.**



**Дархан МЫҢБАЙ,**
ҚР Мәжіліс депутаты:

***Кемшіліктері:***

*– Интернетте иман жоқ. Ақпарат атаулы аузы-мұрнынан шығып жатқан дәуір. Ал сөз ұстағанның сауаттылығы, шеберлігі құлдилап барады.*

*– Журналистердің табысы жеткілікті деңгейде емес.*

*– Елдің көңілін, қоғамның назарын аударатын фактіні зерттеу, талдау, зерделеу кем, келте, шала.*

***Артықшылықтары:***

*– Цензура жойылған. Тәуелсіз еліміздің журналистерінің өз дәстүрі қалыптасып келеді.*

*– Экономикасы дамыған елдің журналистері ғана ақпараттық кеңістігіне ие бола алады. Қолда барға қанағат еткендіктен журналистер әзірге бай, қуатты болуға тырысуда.*

*– Қазіргі талғамы биік оқырман мен көрерменнің таңдау құқығына қол салмай, оның азаматтық көзқарасының қалыптасуына мүмкіндік жасауды мойнына алған БАҚ қана заманауи ортаны қалыптастыруға ықпал ете алады. Кәсіби жағынан шебер, ақпарат іздеу үшін көп тілді де, технологияны да меңгерген журналистер көбейіп келеді.*



**Шархан ҚАЗЫҒҰЛ,**
публицист, Қазақстан Журналистер одағы астаналық филиалының төрағасы:

***Кемшіліктері:***

*– Біріншіден, бірді-екілі газеттер болмаса, көпшілігі халыққа шынайы ақпарат тарата алмай отыр.*

*– Екіншіден, қазақ тілді БАҚ халық мінбері деуден гөрі, билік рупоры дегенге көбірек ұқсайды.*

*– Үшіншіден, қазақ бұқаралық ақпарат құралдары әлі күнге дейін журналистік (редакциялық) сұрау жасауды түбегейлі меңгерді және оны жүйелі де тұрақты сүрлеуге сала білді деп айту қиын.*

***Артықшылықтары:***

*– Біріншіден, қазақ журналистикасы – мемлекеттік тілдің қолдану аясын жан-жақты кеңейтудің әзірше жалғыз құралы.*

*– Екіншіден, қазақ тіліндегі БАҚ ұлттық құндылықтарды дәріптеу ісінде орасан зор еңбек етіп келеді.*

*– Үшіншіден, қазақ журналистикасы адам туралы жазуды және адами жазуды әзірге ұмытқан жоқ.*



**Оралхан ДӘУІТ,**
ҚР Журналистер одағының мүшесі:

***Кемшіліктері:***

*– Табандылық жоқ. Мәселені бір мәрте жазады да, қайтып оралмайды.*

*– Жеделдік жоқ, ақпарат кешігіп беріледі немесе өздері кешіктіреді. Бұл ақпараттың маңыздылығын жояды.*

*– Жазған дүниесі бойынша көп іздендейді. Мамандармен пікірлеспей, өз білгенімен жазып шығады.*

***Артықшылықтары:***

*– Барлық саланың проблемасы жазылып жатыр. Журналистер қалам тербемейтін тақырып жоқ.*

*– Журналистика саласында жастар көбейді. Кезінде қырық жастан асқанда ғана әрең жұмысқа кіретін аты дардай мемлекеттік басылымдарда бүгінде көбінесе жастар еңбек етуде.*

*– Шетел тілін білетін журналистер көбейіп келеді, олар шетелдік басылымдардың жақсы тәжірибе, үлгілерін біздің журналистикаға енгізуде.*



**Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,**
Бас редакторлар клубының президенті, Ақпарат және қоғамдық даму министрінің кеңесшісі:

## ӘРІП ЕМЕС, БЕЙНЕ ҚАРАЙТЫН ҰРПАҚ НАЗАРЫ ҮШІН КҮРЕС

*– Қазіргі журналистиканың артықшылығын да, кемшілігін де айту қиын. Өйткені құндылықтар өзгеріп, заманауи талаптар күшейіп жатыр. Ұзақ уақыт медиа салада жұмыс істеген адам ретінде үлкен өзгерістер көз алдымызда ғана емес, өз өмірімізбен қабаттаса болып жатыр. Қазіргі уақыттағы бұқаралық ақпарат құралдарымен осыдан 5, 10 немесе 20 жыл бұрынғы деңгейді салыстыру да қиын. Медиа бәсекелестік те, БАҚ пен оқырмандардың, көрермендердің, тыңдаушылардың арасындағы байланыс та өзгерді.*

*Кәсіби журналиске қойылатын талаптар да барынша артты. Бірнеше ғасырлар бойы журналистердің барлық күш-жігері мақалалар жазуға бағытталған-ды. Мақала және оның түрлері – репортаж, очерк, фельетон, эссе, басқа да жазбалар оқырмандарға сатылатын негізгі өнім болды. Ақпарат тек қосымша ретінде қарастырылып, оларға басылымның мардымсыз бөлігі арналатын. Жас журналистер ақпарат бөлімінде тәжірибе жинақтап, сосын ғана салиқалы сараптамалық бөлімдерге өтетін.*

*Қазір керісінше, кез келген БАҚ-тағы ең өтімді тауар – ақпарат. Ақпарат неғұрлым қысқа болса, соғұрлым тұтынушысы көп. Күн өткен сайын өскелең ұрпақ ұзақ мәтінді оқығаннан гөрі, тез қабылданатын бейнебаян, графика, анимацияға бет бұрды. Оқырман тіпті тек тақырыпты ғана оқитын заманға келіп жетті. Тақырыптан барлық ақпарат, ой, мәселе – барлығы бірдей көрініс табуы шарт болып отыр. Сондықтан тақырып қою шеберлігіне сұраныс жоғары.*

*Интернеттің күшеюі – дәстүрлі медианы да «аңшыға» айналдырды. Тұтынушы үшін күрес БАҚ-ты белсенді әрі шапшаң қимылдата бастады. Дәстүрлі медиа бастапқыда әлеуметтік желіге мұрнын шүйірсе, енді олармен санаса бастады.*

Дайындаған
Райхан РАХМЕТОВА

# ДҮЙСЕНБІ

## 29 МАУСЫМ

**QAZAQSTAN**

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «Masele».
6.45 Т/х «ШАШУ».
7.50 «Пәк сезім», к/ф.
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «NIET».
13.00 «Apta».
13.45 «100 jana esim».
14.10, 21.30 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00, 22.20 Т/х «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ».
16.05 «Ауылдастар».
16.35 «Azil alemi».
20.00, 00.10 AQPARAT.
20.30 «ASHYQ ALAN».
01.00 «Ashyq alan».
01.55 «100 jana esim».
02.05 «Konil tolqyny».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «7 күн».
7.00, 10.00 «Вкусное утро».
7.35 «Менің тағдырым».
9.10, 18.25 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.50 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00 Т/х «КӨКЖАЛ».
14.40, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
15.25 Т/с «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЛОЖЬ».
17.10 Т/с «Разия».
20.00 Қорытынды жаңалықтар.
20.50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
21.00 Итоги дня.
22.25 Т/х «КӨКЖАЛ».
00.00 «Жұлдыздар айтысады».
01.15 «Сүйе білсең», т/х.

**ASTANA TV**

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кулфи», т/х.
11.20, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.30, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.00 Специальный репортаж.
14.15 Союзмультфильм.
14.55, 00.30 «Бір болайық», т/х.
16.00 «Aitarym bar».
16.55 Арнайы репортаж.
18.00 «1001 түн», т/х.
19.00 «Кек», т/х.
20.00, 01.10 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
22.45 «Кекеш келін», т/х.
02.00 «Шімән апаның хикаялары».
02.30 «Әзілстан».
02.50 «Біреудің есебінен», д/д.
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Қарлығаш ұя салғанда», т/х.
7.00 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.30 «BASTY BAGDARLAMA».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
12.00 «QOSLIKE».
15.45 «На самом деле».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/с «ГОНЧИЕ-5».
22.00, 02.40 «П@УТINA».
22.50 Т/с «ГОНЧИЕ-5».
00.25 К/ф «Фурцева. Легенда о Екатерине».
02.00 «ВЕЧЕРНИЙ УРГАНТ».
03.30 «BASTY PRIME».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
7.50 «КТК web».
8.30 «САОДАТ», т/х.
9.50, 01.30 К/ф «Бумажные цветы».
11.50 К/ф «По щучьему велению».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Аслы-Ферхат», т/х.
18.00 «ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.40 К/ф «В чужом краю».
23.40 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ», т/с.
03.00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.50 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
11.15 К/ф «На грани».
13.30 «Келіндер бәйгесі».
14.30 «Кел, татуласайық».
17.00 «Экстрасенсы детективы».
18.00 Т/с «ИДЕАЛЬНЫЙ ВРАГ».
19.00 Т/с «ИНКВИЗИТОР».
20.00 Информбюро.
21.05 Т/с «ЗНАХАРЬ».
22.05 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
00.15 Т/с «ИНТЕРНЫ».
02.10 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.30 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00, 7.30 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП».
7.00, 05.15 «Гу-гулет».
8.00 Скетчком «Q-елі».
9.00 М/ф «Фиксики».
10.00 М/ф «Чародей равновесия».
10.40, 17.20 Т/с «Вольная грамота».
11.20 «Дизель Шоу».
12.40 Т/с «СЛЕДОВАТЕЛЬ ПРОТАСОВ».
14.40, 01.30 «Келесі кім?».
15.10, 00.50 Т/х «Бақ».
15.50, 00.30 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА-2».
16.20 Т/с «Вторая жизнь».
18.20 Т/с «ГОРОД ОСОБОГО НАЗНАЧЕНИЯ».
19.15 Т/с «ДОМИК НА СЧАСТЬЕ-2».
20.15 Т/с «ЖОЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.00 Т/с «ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ».
21.50, 03.45 Т/х «ЭЛИФ».
22.50 К/ф «Прямой контакт».
02.30 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».

**НТК**

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
7.55, 00.20 «ОПМАЙ, ОПМАЙ».
8.40 «Екі езу».
9.00 «Байқа, балақай!».
9.20 М/с «Маша и медведь».
10.30 К/ф «Стартрек: возмездие».
13.10 К/ф «Робот по имени Чаппи».
15.30 К/ф «Гнев».
18.05 «Однажды в России».
19.00 Т/с «ФИЗРУК».
20.00 К/ф «И целого мира мало».
22.30 К/ф «Звонки».
01.00 «Инста ТВ».
04.00 «Тек күлкі үшін».

# СЕЙСЕНБІ

## 30 МАУСЫМ

**QAZAQSTAN**

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «Ауылдастар».
6.40, 20.00 AQPARAT.
7.10 Т/х «ШАШУ».
8.15 «Мазаламайын».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «NIET».
13.00 «Елбасы түлеткен Талдықорған», д/ф.
13.15, 02.25 «Konil tolqyny»
14.00, 21.30 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00, 22.20 Т/х «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ».
17.10 «Қызық екен...».
20.30 «ASHYQ ALAN».
01.00 «Ashyq alan».
01.55 «Аңыздың ізімен», д/ф.

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
7.30, 10.00 «Вкусное утро».
8.05 «Менің тағдырым».
9.10, 18.25 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.30, 17.10 Т/с «РАЗИЯ».
11.45, 01.30 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00 Т/х «КӨКЖАЛ».
14.40, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
15.25 Т/с «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЛОЖЬ».
20.00 Қорытынды жаңалықтар.
20.50 «Новый курс».
21.00 Итоги дня.
22.25 Т/х «Рауза».
00.00 «Жұлдыз айтысады».
01.15 «Сүйе білсең», т/х.

**ASTANA TV**

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.50 «Үздік әзілдер».
8.00 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кулфи», т/х.
10.45, 22,45 «Кекеш келін», т/х.
11.30, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.40, 23.30 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.55, 00.30 «Бір болайық», т/х.
16.00 «Aitarym bar».
16.55 «Қош келдіңіз!».
18.00 «Кек», т/х.
20.00, 01.30 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
02.00 «Шімән апаның хикаялары».
02.30 «Әзілстан».
02.50 «Біреудің есебінен», д/д.
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА», Т/Х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
12.00 «QOSLIKE».
15.45 «НА САМОМ ДЕЛЕ».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/С «ГОНЧИЕ-5».
22.00, 02.25 «П@УТINA».
22.50 Т/С «ГОНЧИЕ-5».
00.25 К/Ф «ФУРЦЕВА. ЛЕГЕНДА О ЕКАТЕРИНЕ».
01.50 «ВЕЧЕРНИЙ УРГАНТ».
03.20 «BASTY PRIME».
04.20 «ҰШҚАЛАҚ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
7.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
7.50 «КТК web».
8.30 «САОДАТ», т/х.
9.50 НОВОСТИ.
10.30, 01.30 К/ф «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ».
11.30 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ», т/с.
13.20, 21.40 К/ф «В чужом краю».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «Аслы-Ферхат», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
23.40 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ», т/с.
02.15 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
03.50 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
11.25 М/с «Аладдин».
12.25, 21.05 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.30 «Келіндер бәйгесі».
14.30 «Кел, татуласайық».
17.00 «Экстрасенсы детективы».
18.00 Т/с «ИДЕАЛЬНЫЙ ВРАГ».
19.00 Т/с «ИНКВИЗИТОР».
20.00 Информбюро.
22.05 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
00.15 Т/с «ИНТЕРНЫ».
02.10 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.30 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП».
6.50, 05.15 «Гу-гулет».
7.30, 15.10 «Келесі кім?».
8.00, 21.50 Т/х «ЭЛИФ».
9.00 «Вокруг света за монетой».
10.10 «О самом главном».
10.40, 17.20 Т/с «Вольная грамота».
11.40, 18.30 Т/с «ГОРОД ОСОБОГО НАЗНАЧЕНИЯ».
12.40, 22.50 Т/с «СЛЕДОВАТЕЛЬ ПРОТАСОВ».
15.10, 00.50 Т/х «Бақ».
15.50, 00.50 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА-2».
16.20 Т/с «Вторая жизнь».
19.15 Т/с «ДОМИК НА СЧАСТЬЕ-2».
20.15 Т/с «ЖОЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.00 Т/с «ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ».
02.30 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».

**НТК**

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 00.00 «ОПМАЙ, ОПМАЙ».
8.50 «Екі езу».
9.05 «Байқа, балақай!».
9.30 М/с «Маша и медведь».
9.50 Т/с «Универ».
10.40, 18.30 «РЕВЮ».
10.50, 19.00 Т/с «ФИЗРУК».
11.20 «Мир наизнанку».
12.20, 17.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ».
13.05 К/ф «И целого мира мало».
15.30 К/ф «Охранник».
20.00 К/ф «Пассажиры».
22.10 «Дом напротив».
00.40 «Инста ТВ».
04.00 «Тек күлкі үшін».

# СӘРСЕНБІ

## 1 ШІЛДЕ

**QAZAQSTAN**

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «Ауылдастар».
6.35, 20.00 AQPARAT.
7.05 Т/х «Айналайын».
8.15 Рамазан Стамғазиевтың концерті.
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «NIET».
13.00, 01.55 «Елбасы шарапаты».
13.30, 02.25 «Konil tolqyny».
14.00, 21.30 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00, 22.20 Т/х «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ».
17.10 «Қызық екен...».
20.30 «ASHYQ ALAN».
01.00 «Ashyq alan».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
7.30, 10.00 «Вкусное утро».
8.05 «Менің тағдырым».
9.10, 18.25 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.30, 17.10 Т/с «РАЗИЯ».
11.45, 01.30 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00, 22.25 Т/х «Рауза».
14.40, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
15.25 Т/с «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЛОЖЬ».
20.00 Қорытынды жаңалықтар.
20.50 «Індетпен күрескен Қазақстан».
21.00 Итоги дня.
00.05 «Жұлдыз айтысады».
01.30 «Сүйе білсең», т/х.

**ASTANA TV**

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.25 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кулфи», т/х.
10.45. 22.45 «Кекеш келін», т/х
11.30, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.40, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.10 Специальный репортаж.
14.55, 00.50 «Бір болайық», т/х.
16.00 «Aitarym bar».
16.55 Арнайы репортаж.
18.00 «Кек», т/х.
20.00, 01.30 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
20.55 Loto 6/49.
02.00 «Шімән апаның хикаялары».
02.30 «Әзілстан».
02.50 «Біреудің есебінен», д/д.
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Қарлығаш ұя салғанда», т/х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
12.00, 14.10 «QOSLIKE».
15.40 «На самом деле».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/с «ГОНЧИЕ-5».
22.00, 02.25 «П@УТINA».
22.50 Т/с «ГОНЧИЕ-5».
00.25 К/ф «Фурцева. Легенда о Екатерине».
02.00 «Вечерний Ургант».
03.10 «BASTY PRIME».
04.20 «ҰШҚАЛАҚ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «Әндер мен жылдар».
9.00 «Туған жер», т/х.
10.00 «Елдестірмек елшіден».
10.20 «Самый первый день», д/ф.
10.35, 01.30 К/ф «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ».
11.35 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ», т/с.
13.30, 21.40 К/ф «В чужом краю».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «АСЛЫ-ФЕРХАТ», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
23.40 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ», т/с.
02.15 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
03.50 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
11.25 М/с «Аладдин».
12.25, 21.05 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.30 «Келіндер бәйгесі».
14.30 «Кел, татуласайық».
17.00 «Экстрасенсы детективы».
18.00 Т/с «ИДЕАЛЬНЫЙ ВРАГ».
19.00 Т/с «ИНКВИЗИТОР».
20.00 Информбюро.
22.05 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
00.15 Т/с «ИНТЕРНЫ».
02.10 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.30 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП».
7.00, 05.15 «Гу-гулет».
7.30, 15.10 «Келесі кім?».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.00 «Вокруг света за монетой».
10.10 «О самом главном».
10.40, 17.20 Т/с «Вольная грамота».
11.40, 18.30 Т/с «ГОРОД ОСОБОГО НАЗНАЧЕНИЯ».
12.40, 22.50 Т/с «СЛЕДОВАТЕЛЬ ПРОТАСОВ».
15.10, 00.50 Т/х «Бақ».
15.50, 00.50 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА-2».
16.20 Т/с «Вторая жизнь».
19.15 Т/с «ДОМИК НА СЧАСТЬЕ-2».
20.15 Т/с «ЖОЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.00 Т/с «Ұлы дала жанұясы».
02.30 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».

**НТК**

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 00.00 «ОПМАЙ, ОПМАЙ».
8.50 «Екі езу».
9.05 «Байқа, балақай!».
9.30 М/с «Маша и медведь».
9.50 Т/с «Универ».
10.50, 19.00 Т/с «ФИЗРУК».
11.20 «Мир наизнанку».
12.20, 18.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ».
13.20 К/ф «Пассажиры».
15.30 К/ф «Земля будущего».
20.00 К/ф «Между нами горы».
22.10 К/ф «Под прицелом».
00.30 «ОПМАЙ, ОПМАЙ».
00.40 «Бүлдір-күлдір».
04.00 Т/с «СашаТаня».

# БЕЙСЕНБІ

## 2 ШІЛДЕ

**QAZAQSTAN**

6.00, 03.00 Әнұран.
6.05 «Ауылдастар».
6.40, 20.00 AQPARAT.
7.10 Т/х «Айналайын».
8.20 Асхат Тарғынның концерті.
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «NIET».
13.00, 01.55 «Астана тынысы».
13.30, 02.25 «Konil tolqyny».
14.00, 21.55 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
14.55, 22.15 Т/х «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ».
17.05 «Елбасы түлеткен Талдықорған», д/ф
17.15 «Қызық екен...».
20.30 «ASHYQ ALAN».
01.00 «Ashyq alan».

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
7.30, 10.00 «Вкусное утро».
8.05 «Менің тағдырым».
9.00 Д/ф «Жаңғыру жолы. Ұлы дала өркениеті».
9.35 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.30, 17.10 Т/с «РАЗИЯ».
11.45 Т/х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ».
12.30 «Баспанаға бағыт».
13.00, 22.25 Т/х «Рауза».
14.40, 21.40 Т/с «ЖЕСТОКИЙ СТАМБУЛ».
15.25 Т/с «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЛОЖЬ».
17.00 «Біз біргеміз». Телемарафон.
20.00 Қорытынды жаңалықтар.
20.50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане».
21.00 Итоги дня.
00.05 «Жұлдыз айтысады».
01.30 «Сүйе білсең», т/х.

**ASTANA TV**

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.50 «Үздік әзілдер».
8.00. 14.20 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кулфи», т/х.
10.45. 22.45 «Кекеш келін», т/х
11.30, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.40, 23.30 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.10 Elorda live.
14.55, 00.50 «Бір болайық», т/х.
16.00 «Aitarym bar».
16.55 «Қош келдіңіз!».
18.00 «Кек», т/х.
20.00, 01.30 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
02.00 «Шімән апаның хикаялары».
02.30 «Әзілстан».
02.30 «KazNet».
02.50 «Біреудің есебінен», д/д.
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «Қарлығаш ұя салғанда», т/х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
12.00 «QOSLIKE».
15.40 «На самом деле».
16.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ».
18.45 «BASTY PRIME».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 Т/с «ГОНЧИЕ-6».
22.00, 02.40 «П@УТINA».
22.50 Т/с «ГОНЧИЕ-6».
00.25 К/ф «Фурцева. Легенда о Екатерине».
02.45 «BASTY PRIME».
03.45 «Той заказ».
04.10 «ҰШҚАЛАҚ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «Сағындырған әндер-ай».
8.00 «Туған жер», т/х.
9.00 Д/ф «Эстафета власти. Стратегия преемственности и стабильности».
9.30 К/ф «Небо моего детства».
11.50, 01.30 К/ф «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ».
12.40 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ», т/с.
13.40, 21.40 К/ф «В чужом краю».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «АСЛЫ-ФЕРХАТ», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
23.40 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ», т/с.
02.15 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
03.20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
03.50 «КТК web».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
11.25 М/с «Аладдин».
12.25, 21.10 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.30 «Келіндер бәйгесі».
14.30 «Кел, татуласайық».
17.00 «Экстрасенсы детективы».
18.00 Т/с «ИДЕАЛЬНЫЙ ВРАГ».
19.00 Т/с «ИНКВИЗИТОР».
20.00 Информбюро.
22.10 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».
00.20 Т/с «ИНТЕРНЫ».
02.15 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.30 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП».
7.00, 05.15 «Гу-гулет».
7.30, 15.10 «Келесі кім?».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.00 «Вокруг света за монетой».
10.10 «О самом главном».
10.40, 17.20 Т/с «Вольная грамота».
11.40, 18.30 Т/с «ГОРОД ОСОБОГО НАЗНАЧЕНИЯ».
12.40, 22.50 Т/с «СЛЕДОВАТЕЛЬ ПРОТАСОВ».
15.10, 00.50 Т/х «Бақ».
15.50, 00.50 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА-2».
16.20 Т/с «Вторая жизнь».
19.15 Т/с «ДОМИК НА СЧАСТЬЕ-2».
20.15 Т/с «ЖОЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.00 Т/с «Ұлы дала жанұясы».
02.30 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 00.00 «ОПМАЙ, ОПМАЙ».
8.50 «Екі езу».
9.05 «Байқа, балақай!».
9.30 М/с «Маша и медведь».
9.50 Т/с «Универ».
10.50, 19.00 Т/с «ФИЗРУК».
11.20 «Мир наизнанку».
12.20, 18.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ».
13.20 К/ф «Между нами горы».
15.30 К/ф «Электра».
20.00 К/ф «Иллюзия полета».
22.00 К/ф «ПУНКТ НАЗНАЧЕНИЯ».
00.00 «ОПМАЙ, ОПМАЙ».
00.40 «Бүлдір-күлдір».
04.00 Т/с «СашаТаня».

# ЖҰМА

## 3 ШІЛДЕ

6.00 Әнұран.
6.05 «Ауылдастар».
6.35, 20.00 AQPARAT.
7.05 Т/х «Айналайын».
8.15 Концерт «Ән мен әнші».
10.00, 18.00 Т/х «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».
12.00 «NIET».
13.30 «ИМАН ӨЗЕГІ».
14.00, 21.25 Т/х «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».
15.00, 22.15 Т/х «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ».
17.10 «Қызық екен...».
17.00, 02.30 «Konil tolqyny».
20.30 «ASHYQ ALAN».
00.25 «PARASAT MAIDANY».
00.55 AQPARAT.
01.25 «Ashyq alan».
02.20 «Азия барыстары: қазақстандық жол».
02.50 «Konil tolqyny».
03.10 Әнұран.

6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
7.30, 10.00 «Вкусное утро».
8.05 «Менің тағдырым».
9.10, 19.25 Т/х «ПӘЛЕНШЕЕВТЕР».
10.40 К/ф «Балалық шағымның аспаны».
12.40 Д/ф «Искусство быть лидером».
13.50 К/ф «Путь лидера. Огненная река».
15.25 Т/с «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЛОЖЬ».
17.10 Т/с «Разия».
18.25 «Қоғамдық талқылау».
20.00 Қорытынды жаңалықтар.
20.50 «Новый курс».
21.00 Итоги дня.
21.40 Д/ф «Назарбаев. Итоги еще впереди».
22.25 Т/х «Рауза».
00.05 «Жұлдыз айтысады».
01.30 «Сүйе білсең», т/х.

6.00 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00, 14.25 М/ф «Маша и медведь».
10.00, 22.00 «Кулфи», т/х.
10.45. 22.45 «Кекеш келін», т/х
11.30, 21.00 «Сүлеймен Сұлтан», т/х.
12.40, 23.10 «Ханзада Жумонг», т/х.
14.10 Специальный репортаж.
14.55, 00.50 «Бір болайық», т/х.
16.00 «Қош келдіңіз!».
16.55 Арнайы репортаж.
18.00 «Кек», т/х.
20.00, 01.30 ASTANA TIMES.
20.30 «Отбасы».
02.00 «Шімән апаның хикаялары».
02.30 «Әзілстан».
02.50 «Біреудің есебінен», д/д.
03.35 «Домашние войны» ситком.

6.00 «ТОЙ БАЗАР».
7.00, 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР».
7.45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ».
8.00 «ДОБРОЕ УТРО».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».
12.00 «QOSLIKE».
15.45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!».
16.35 «НЕПУТЕВЫЕ ЗАМЕТКИ».
16.50 «ЖДИ МЕНЯ». КАЗАХСТАН».
18.45, 02.55 «ЗАҢ СӨЙЛЕСІН».
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ».
20.45 «ПОЛЕ ЧУДЕС».
22.00 Т/с «Гончие-6».
23.00, 02.10 «П@УТINA».
00.00 Т/с «Гончие-6».
01.35 «Вечерний Ургант».
03.55 «ҰШҚАЛАҚ».

7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «Қазақстаным – атамекенім».
8.00 «Туған жер», т/х.
9.00 «Алтын діңгек».
9.30 «Лидер эпохи независимости», д/ф.
10.00 «Огненная река», к/ф.
11.50, 01.10 К/ф «ПУТЕШЕСТВИЕ К ЦЕНТРУ ДУШИ».
12.40 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ», т/с.
13.40 К/ф «В чужом краю».
15.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», т/х.
17.30 «АСЛЫ-ФЕРХАТ», т/х.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ-2».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21.40 К/ф «Женщины».
02.00 К/ф «Турецкое седло».
03.10 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
04.10 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».

5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
6.55 Информбюро.
7.55 Т/с «ГАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».
11.25 М/с «Аладдин».
12.25 Т/с «ЗНАХАРЬ».
13.30 «Келіндер бәйгесі».
14.30 «Кел, татуласайық».
17.00 «Экстрасенсы детективы».
18.00 Т/с «ИДЕАЛЬНЫЙ ВРАГ».
19.00 Т/с «ИНКВИЗИТОР».
20.00 Информбюро.
21.05 М/ф «АЛАДДИН».
22.50 «What's Up?».
00.00 Т/с «Интерны».
01.30 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері.
03.30 Ризамын.
04.00 Әзіл студио.

6.00 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП».
7.00, 05.15 «Гу-гулет».
7.30, 15.10 «Келесі кім?».
8.00, 22.00 Т/х «ЭЛИФ».
9.00 «Вокруг света за монетой».
10.10 «О самом главном».
10.40, 17.20 Т/с «Вольная грамота».
11.40, 18.30 Т/с «ГОРОД ОСОБОГО НАЗНАЧЕНИЯ».
12.40 «Субботний вечер».
15.10, 00.50 Т/х «Бақ».
15.50, 00.30 Т/с «ПОБЕГ ИЗ АУЛА-2».
16.20 «Юморина».
19.00 «Дизель Шоу».
20.15 Т/с «ЖОЛДАМАЛЫ ҚАЛЫҢДЫҚ».
21.00 К/ф «Аташа на хайпе».
22.50 К/ф «СЛЕДОВАТЕЛЬ ПРОТАСОВ».
01.30 «Келесі кім?».
02.30 «Айнаонлайн».
04.30 «Жеңіп көр».

6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00, 00.00 «ОПМАЙ, ОПМАЙ».
8.50 «Екі езу».
9.05 «Байқа, балақай!».
9.30 М/с «Маша и медведь».
9.50 Т/с «Универ».
